

АҚМЕШІТ

жастары



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті



Соңғы жылдары қазақ киносының жаңа деңгейге көтерілгенін туындылардың техникалық жаңалықтары, актерлық құрамы жағынан ғана емес, тақырыптық ерекшеліктерінен де байқауға болады. Аз ғана ғұмырында аңызға айналған Сидней Олимпиадасының чемпионы, қазақтың жарық жұлдызы Бекзат Саттарханов туралы тұңғыш автобиографиялық сериал – соның дәлелі.

Жақында Ж.Шанин атындағы Шымкент қалалық академиялық қазақ драма театрының өртісі, кикбоксингтен Қазақстан Республикасының спорт шебері, «Бекзат» сериалында басты кейіпкерді ойнаған Самат Әзімқұловпен сұқбаттасудың сәті түсті.

– Самат, сериалдағы басты кейіпкер Бекзат Саттархановтың рөліне қалай келдіңіз?

– Бұл фильмде басты рөлді сомдауға бала кезден дайындалдым. Өйткені Бекзат Саттарханов менің сүйікті спортшым, кумирім болған еді. Оның өмірімен оқушы кезімде танысып білдім, зерттеп жүрдім. Аңыз адамға еліктеп жүріп, неге осы бізде Бекзат туралы түсірілген бірде-бір фильм жоқ деп ойлайтынмын. Мына бір оқиға әлі есімде. 10 сыныпта оқып жүргенімде сыныптасым «Сенің кескінің Бекзатқа келеді ғой. Болашақта оған арнап фильм түсірілсе, сен ойнай аласың» деген еді. Кейін өзім де кумирімді ойнауды мақсат етіп, сол арманмен өнер академиясына актерлік бөліміне оқуға түскен едім.

Араға бірнеше жыл салып арманым орындалды. Бала арманым десем болады. 2013 жылдан бері инстаграм желісінде Бекзат ағамыздың сурет, видеоларымен бөлісіп, насихаттап келемін. Қанша уақыт өтсе де, өмірім мен шығармашылығымда елеулі орын алатын, жанымға жақын образ осы Бекзат ағамыздың бейнесі болмақ. Сондықтан бұл жоба ешқандай қиындық тудырған жоқ. Ал рөлге келер болсақ, режиссердің өзі шақырып, ұсыныс жасады.

– Боксқа баруыңызға да Бекзат ағамыз себеп болған деседі...

– 2000 жылы 1 қазанда Бекзат ағамыз ресми түрде Олимпиада чемпионы атанды. Бұл күн әлі есімде. Себебі әкем екеуіміз оның финалдағы жекпе-жегіне бірге көрдік. Бекзат ағамыздың тұйыраға көтерілгені, медальды алып жатқаны, әнұраның шырқалғаны әлі күнге дейін көз алдымда. Ол кезде екінші сыныпта оқимын. Жиырма жасында әлемді мойындатқандықтан, сол сәттен бастап маған қызық бола бастады. Дүниеден өткен соң одан сайын Бекзатқа қызығып, еліктедім.

Осылайша менің спортқа деген құлшынысым пайда болды. Шымкент қаласындағы Шығыс шағын ауданында тұрдым. Әкем спорт кешеніне ертіп апарып, кикбокс үйірмесіне берді. 1999 жылдан 2009-ға дейін 2-11 сынып аралығында кикбоксингпен айналыстым. 2009 жылы жастар арасында ҚР спорт шебері атағына қол жеткіздім. Алайда сол жылы көзіме қатты соққы тигізіп алғаннан кейін дәрігерлер спортпен шұғылдануға тыйым салды. Содан кейін спорттан кетіп, толықтай өнерге бағыт бұрдым.

– Сериалдың түсірілімі кезінде қандай қиындықтар болды?

– Спорт шебері туралы туынды болғандықтан төбелес сахналарында кішігірім қиындықтар кездесті. Әсіресе көше төбелестерін түсірген-

де бірнеше соққы алуға тура келді. Сонымен қатар ширек финалда Рамаз Палианимен болған жекпе-жекте ойнайтын кезде шынымен төбелесу қажет болды. Яғни фильмде шынайы шығуы үшін төбелесіндер деді. Қарсыласым екеуіміз де бір-бірімізден қатты соққылар алып жатырмыз. Соңында ештеңеге қарамай төбелесіп кеттік. Бәрі аңтан. «Ей, қойсаңдаршы» дейді. Сонда да төбелесіп жатырмыз. Осындай да қызықтар болды.



Фильмде адам жанын толқытатын жері – Бекзат ағамыздың финалдағы жекпе-жегі. Сол жолы рингке шығарда Бекзат Саттарханов Амангелді Сейітхановқа: «Мен жеңіске жетемін. Бұл жеңісімді Түркістанның 1500 жылдығына арнаймын, соны халыққа хабарлаңыз» дейтін сәті бар. Сол сәтті түсірер кезде іштей қобалжып, көзіме жас алдым. Бір емес, үш-төрт дубль жасауға тура келді.

– Театрда көрерменнің көз алдында ойнау мен камера алдында киноға түсудің қайсысы қиынырақ? Қайсысында кесіліп, құлашыңызды көңге жаясыз?

– Сахна мен камераның алдында жұмыс істеудің айырмашылығы көп. Театр артистерінің киноға келгенде қиналып қалатынын байқадым. Өйткені камера сыртында қаншама адам, түсірілім тобы болады.

Мәтінмен жұмыс бар. Мен үшін салыстырмалы түрде қиыны – камерамен жұмыс істеу. Театрда премьерадан бір ай бұрын күнде дайындық болады, сахнада, халықтың алдында ойнайсың. Жанды атмосфера сезіледі. Ал кинода ойнау үшін артиске өзінше талант, ептілік керек. Түсірілімнің алғашқы күні ауырлау болады. Себебі араға уақыт салып басқа жобадан мүлдем жаңа фильмге кірісу, жаңа түсірілім тобына үйренісудің де маңызы бар. Менің ойымша, театрға қарағанда кинода камераны сезіну, рөлді өмірдегідей шынайы бере алу қиын. Бірақ мамандығым театр актеры болғандықтан, сахнада, көрерменнің көз алдында ойнағанда шабытым ашылып, қанат бітетіні рас.

– Актер болмасаңыз, қандай салаға қадам басар едіңіз?

– Маған ескі, дизайны ерекше ғимараттар ұнайды. Қай қалаға барсам да, қайда жүрсем де сондай ғимараттарға, архитектура туындыларына қарап, тарихына үңіліп жүремін. Сондықтан актер болмасам, археолог болар ма едім деп ойлаймын.

– Әдемі әңгімеңіз үшін рақмет!

Сұқбаттасқан Дина БӨКЕБАЙ

Бір үйде 2000-нан аса кітап бар десе сенетін бе едіңіз? Бүгінде 10 шақты кітап жинаудың өзі мұн. Бірін шаң басып жатса, енді бірі үйде бар кітапты қоқысқа лақтыра салады. Алыстан іздемей-ақ әлеуметтік желілерде жарияланған суреттер бұған дәлел. Қызылорда қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №1 кітапхананың ұйымдастыруымен отбасылық үлгідегі кітапханамен таныстық. Құдды облыстық кітапханада жүргендей күй көштік. Кітаптың басым бөлігі медициналық салаға негізделген. Жазушылардың шығармалары мен мұнда лап тұр. Әлиасқар Жамалұлының студент кезінен бастап жинаған кітаптары бүгінде ұлы Абзал Жамалға мұра. Ол әкеден балаға қалған қымбат қазынаны өлі де дамытып, отбасылық кітапхана қорын көбейтуді мақсат етеді.

– Әлиасқар Жамалұлы 1957 жылы дүниеге келген. Өте білімді кісі болды.

Саналы ғұмырын медицина саласына арнады. 1974 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының фармацевтика факультетіне оқуға түсіп, 1979 жылы бітірді. Еңбек жолын Қызылорда қаласында дәріханалар басқармасында инспектор болып бастады.

1980-1981 жылдары облыстық туберкулезге қарсы диспансерінің 61 дәріханасының меңгерушісі қызметін атқарды. Ол жүрген жерінде кітапты насихатады.

Жора-жолдастары «Тірі энциклопедия» деп айтушы еді. Жұбайым 1982 жылдан бастап кітап жинауды бастады. Баста жаздырып алып, кейін сатып алады.

Тіпті көп кітапты бірден алған кездері де болды. Өзгелер байлықты, дүниені армандаса, ол балаларының білімді болуын, кітаптағы құндылықты сезінуге тәрбиеледі. Жаман болған жоқ, екі қызы жоғары білімді.

Медицина саласында жұмыс істейді. Ұлының да жоғары дәрежелі дипломы бар. Ол өз таңдауы, заман ағымы бойынша кәсіпке бет бұрды.

Десе де жұмыстан кеш қайтса да кітап оқуға үлкен ден қойып жүр. Әлиасқар ұрпақтарына мұраға құнды кітап қалдырды. Сондай-ақ өзіне ұнаған, әрбір адам оқуға тиіс деген кітапты үйге келген қонаққа сыйлыққа беретін, – дейді жары Фатима Сұлтанова.

Біз көзбен көрген кітаптардан бөлек, өзге де кітаптары да бар екен. Олар сөреге сыймай қалған соң өзге бөлмеде жиналып тұр. Екі қыз, бір ұлдың әкесі Әлиасқар Жамалұлы кітапты ғана емес, газет жинағанды да ұнатқан. Ол шаңыраққа келген газет ешқашан

жыртылмайды, қоқысқа тасталмайды.

Газет бетін парақтап, оқып болған ұл-қыздары газет жинаулы тұрған сөреге жинақтап қоятын көрінеді. Бұл әкенің балаларға көрсеткен өнегесі іспетті.

– Әкемнің кітапқа ғана емес, газетке деген қызығушылығы жоғары болатын. Біздің үйде газет аяқтың астында жатпайды, терезеде де ілініп тұрмайды.

Бұл – әкемнің бізге берген тәрбиесі. Келген бойда ішін қарап, оқып шығамыз да арнайылап жинақтаймыз.

Жылдар бойы сақталған газеттер арнайы бір бөлмеде сақтаулы. Бүгінде бойын ғаламтор билеген жастардың керек дүниесін, қажетті дүниесін кітаптан ғана ала алатынына көзі жететін уақыт келді, – дейді ұлы Абзал.

Кітапхана сөресінде барлық жанрда жазылған туындылар бар. Медициналық, көркем әдебиет, балалар кітабы, түрлі ертегілер, діни кітаптар мен энциклопедия бар.

Барлық кітапты екі тілде табу қиынға соқпайды. Құран кітаптың арабша, қазақша нұсқасы тұр.

– Әкемнің кітапқа деген қызығушылығы біздің кітапқа деген махаббатымызды ашты. Кітаптың қунын, қасиетін ұқтыра білді.

Осында тұрған әр кітап әкемнің қолынан өткен. Ол барлығын да оқыған. Бізге де кітап оқуды жиі айтып, тапсырма ретінде беріп тұратын. Сосын мына кітаптың мына жері қызық,

мынау өте жақсы жазылған деп айтатын. Сондай-ақ кітаптардың басым бөлігі медицинаға бағытталған.

Оның ішіне үңілсеңіз, бір жерін қызыл түспен, екінші жерін сары түспен белгілеп қояды. Ол белгіленген жерде аурудың емі, одан арылудың тәсілдері, күтіну жолы жазылып тұрады.

Бүгінде бұл кітаптың барлығы балаларына қалды. Біз алдағы уақытта бұл кітапты ұстап тұрмай, оқырман тарту, жастарды кітап оқуға баулу мақсатында үйдің ішінен кітапхана ашуды жоспарлап отырмыз.

Алдағы уақытта оқитын, қызығушылық танытатын адамдар керек кітабын алып, оқып болған уақытта өткізуді қарастырып жатырмыз. Бұл бір немесе бірнеше баланың зейінін ашып, оны кітап оқуға баулып, қызықтырады деген үміттемін, – дейді Абзал.

Әке аманатын арқалаған жас Абзал Әлиасқарұлы Дінмухамед Қонаевтың кітабын кітапхана қорына сыйға тартты. Мамандар мұнда кітапханада жоқ кітаптар да кездесетінін жасырмады.

Кітапханаға барып, өзіңе ұнаған, қызығып оқитын кітапты аралап жүріп алудың өзі адамды ерекше күйге түсіреді. Ал үйдің ішінде тұрған кітап қорын көрудің өзі бақытқа бөлейді екен.

Мәлдір САБЫРЖАН,
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ҚУАҢШЫЛЫҚ ҚАЙТАЛАНУЫ МҮМКІН БЕ?

Өткен жылы орын алған қуаңшылық пен Сырдария өзеніндегі су деңгейінің төмендеуі аз қиындық әкелмеді. Әсіресе Қызылорда облысындағы шаруалардың жай-күйі нашарлап, төрт түлікке азық табу мұн болғанын білеміз. Сол сәтте ел болып жұмылып, акция ұйымдастыру, шаруаларға жәрдемдесу секілді қадам елдікті көрсеткен еді. Оған ауылдағы ағайынға деп қолына орақ алып, еңбек еткен азаматтардың бірлігін қосыңыз.

Ал биылғы ахуал қалай болмақ? Жаз шыға су тапшылығы мен қуаңшылық халықты қайта қыспай ма? Сырдариядағы су деңгейі қайта қалыпқа келгендей көрінгенмен егін маусымында ескі мәселеге қайта оралуымыз қаншалықты мүмкін? Қыс ызғары қайтқан

бойда ел көкейінде осы мазмұндағы сауал қылаң берді. Бірі жылдан-жылға арнасы тарылған Сырдария жағдайына алаңдаса, енді бірі аймақтың экологиялық зардабы туралы айтуда. Қалай болғанда да алаңдауға себеп те жоқ емес. Әлем әбігерге түскен

сәтте ауыл шаруашылығы саласының ойсырауы экономикаға аз шығын әкелмесі белгілі.

Мамандар да су деңгейінің бірқалыпты боларына күдікпен қарауда. Тіпті БАҚ пен әлеуметтік желіде ауыл шаруашылығы дақылдарын

өртараптандыру, суды үнемдеу, каналдарды реттеу мәселесі көтеріліп, жүйелі жұмыс істеу мәселесі көтеріліп келеді. Бұл орайда «Қазсушар» РМҚ Қызылорда филиалы, Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының атқарар рөлі зор екені даусыз.



СТРИНГ АРТ ҮЙІРМЕСІ АШЫЛДЫ



Стринг арт – ерекше өнер туындысы. «Балалар жылына» орай «Достық» үйінен креативті өнерге баулитын үйірменің ашылуы тың тарту болды. «Қоғамдық келісім» КММ директоры Болатбек Айтбөбетов бұл өнер туындысының балалар назарын бірден өзіне тартқанын айтады.

– Балалардың шығармашылығын шыңдайтын үйірме болатынына сенемін. Аптасына екі рет және тегін өтеді. Жаңадан ашылған үйірмені алдағы уақытта суретші Қуаныш Сержанов жүргізбек. Үйірме табандылыққа, қол еңбекке дағдылануға, бала моторикасын белсенді дамытуға мүмкіндік береді, – дейді Б.Айтбөбетов.

Жаңа үйірменің ашылуында жетекші, стринг артпен 8 жылдан бері айналысып келе жатқан Қуаныш Сержанов Қазақстан халқы ассамблеясы эмблемасының жасалу жолын оқушыларға іс жүзінде көрсетіп, шеберлік сабағын жүргізді. Бірнеше композициясын таныстырды. Балалар қызығушылығын жасырмады. «Стринг артты бірінші рет көріп тұрмын. Жіппен шегеге сурет салу ұзақ уақытты талап еткенмен, нәтижесі көз қуантарлықтай екен», – деді С.Сейфуллин атындағы №4 ІТ мектеп-лицейінің оқушысы Нұрдаулет Тұрмахан.

БАТЫРДЫ ҰЛЫҚТАУ – ТАРИХТЫ ҰМЫТПАУ



Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында ескелең ұрпақты ұмыт бола бастаған ауыз әдебиеті жауһарларымен сусындату мақсатында «Батырды ұлықтау – тарихымызды ұмытпау» атты облыстық байқау өтті.

Бұған дейін байқаудың І кезеңі аудан және қала орталықтарында 1-15 наурыз аралығында өткен және оған 5-9 сынып оқушылары қатысты. Бірінші кезең қорытындысы бойынша жеңімпаз деп танылған 12 оқушы облыстық байқауға жолдама алған.

Қатысушылар әр ауданға бөлінген батырлар жырын жатқа айту бойынша сынға түсті. Қорытындысында бас жүлдені Сырдария аудандық Абай атындағы №130 орта мектептің 9 сынып оқушысы Ж.Толыбек жеңіп алды. І орын жеңімпазы – Жалағаш аудандық Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің 6 сынып оқушысы Ж.Мырқы. ІІ орынды Шиелі аудандық Ы.Жақаев атындағы №244 қазақ орта мектебінің 5 сынып оқушысы Н.Сламхан иеленді. ІІІ орын С.Лапин атындағы №261 мектептің 6 сынып оқушысы Д.Кеңесбаймен Қазалы аудандық Жанқожа батыр атындағы №70 мектептің 7 сынып оқушысы Б.Қанибайға бұйырды.

ОЛИМПИАДАДАН ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ



Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушылары арасында өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша желілік олимпиадада қызылордалық зияткерлер 8 жүлделі орын иеленді.

700-ден астам оқушының басын қосқан дәстүрлі білім додасында жас дарындар физика-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша бақ сынасты.

Қызылордадағы мектептің намысын қорғаған олимпиадалық құрама екі күміс және алты қола медаль жеңіп алды. Атап айтқанда, қазақ тілі секциясында 12 сынып оқушысы Әйгерім Тұрмаханова мен 10 сынып оқушысы Ханшайым Мұхитқызы ІІ орынды иеленді. Орыс тілі пәнінен 10 сынып оқушысы Жанайым Сәлімжанқызы және ағылшын тілінен 10 сыныптан Әлнұр Ерлан ІІІ орынмен марапатталды. 9 сыныптың білім алушысы Арайлым Әшірмет, 10 сыныптан Айдана Қараева биологиядан білімін дәлелдеп, қоладан медаль тақты. Ал Биылғы жылдың түлегі Сұлтан Қани химия пәнінен, 10 сыныптан Назгүл Ыдырыс Қазақстан тарихынан үздік үштіктер қатарына енді.

«STARTUP TALAPKER» ✧ ЖОБА ҰСЫНЫП, ЖЕҢІЛДІККЕ ИЕ БОЛ!

Бүгін кәсіп бастаймын, ертең пайдаға кенелемін деу қате. Оған бірінші ізденіс керек. Қуантатыны, қазір идеяны игілікке айналдырып, жаңа бағытта жұмыс істеуге мүмкіндік мол. Әсіресе бизнеске енді қадам басқан жастардың тәжірибелі маманнан кеңес алып, нәтижеге жетуіне жағдай жасалуда. Тіпті болашақта кәсіпкер болуды армандайтын оқушылардың да мүмкіндігі көбейді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Startup Talapker» жобалар байқауын ұйымдастыруы соған дәлел.

Ерекше байқау облыстағы мектеп түлектерін кәсіпкерлікке баулу, инновациялық стартап жобаларды қолдау мақсатында ұйымдастырылуда. Сайысқа өңірді дамытуға үлес қосатын, инновациялық әдістер мен технологиялар қолданылатын

жобалар қатыстырылады. Жобаның шектелген бағыты жоқ және әлеуметтік жобалар байқауға қатыстырылмайтынын ескеру керек.

– «Startup Talapker» облыс бойынша алғаш рет ұйымдастырылуда. Байқауға облыстағы барлық аудан мен қала (Қызылорда, Байқоңыр) мектептерінің 11-12 сынып оқушылары қатысады. Сайысқа қатысу үшін екі немесе үш оқушы топқа бірігіп, тек бір жобаны ұсына алады. Бір мектептің атынан қатысатын топтардың саны шектеусіз, – деді университеттегі «Business Start» жастар кәсіпкерлігі орталығының басшысы Жанарыс Түбекбаев.

Байқау 15 сәуір мен 15 мамыр аралығында өткізіледі. Қатысушылар 15 сәуірге дейін www.startuptalap.kz сайтына тіркеліп, толық ақпаратпен таныса алады. Айта кету керек, сайыс 3 кезеңнен тұрады. Онлайн форматта



Өркениетке апаратын жол кішкентай аудан тұрғындарының үлкен қадамдарынан, тындырымды тірлігінен басталады. Сөзімізге дәлел болған журналистердің Қармақшыға сапарындағы алғашқы аялдама – балалар арасында спортты дамыту, қолдау мақсатын жүзеге асыратын Жосалы кентіндегі спорттық кешен құрылысы болды.

Аталған кешеннің құрылыс жұмыстары тамыз айында бітеді деп жоспарланған. «Аудан орталығындағы дене шынықтыру-сауықтыру спорт кешені құрылысының жалпы құны – 560 млн теңге. Былтыр басталған нысанды аяқтау биылғы тамыз айына жоспарланып отыр. Мердігері – «Сапақ» өндірістік кооперативі. Құрылыста 10-ға жуық аудан тұрғыны да уақытша жұмыспен қамтылған. «Кешен аудандағы жастардың спортпен айналысуы мен бұқаралық спортты дамыту үшін үлкен қолдау болмақ», – дейді аудандық спорт және дене шынықтыру бөлімінің басшысы Нұрбол Мырзабаев. Айта кету керек, дәл осы типтегі кешен Ақай қаласында да тұрғызылады деп жоспарлануда. Қазіргі таңда спорттың 16 түрімен айналысатын

сынды біз жұмысымен танысқан нысанның әрбірі кәсібі мен сервистік саласы дами түскен жаңа Қармақшыны көрсеткендей. Мәселен, өткен жылы желтоқсанда пайдалануға берілген «Шынар ана» автобекеті тұрғындар үшін ғана емес, көлік жүргізушілер, балалы аналар мен сырқаттанып қалған жолаушылар үшін де қолайлы қызметімен көптің көңілінен шығып келеді.

– Бұрын автобекет деп айтуға келмейтін шағын ғана тұрақ болды. Аудан орталығына бір бекет керек екені белгілі. Халықтың сұранысы мен қажеттілігін қамтамасыз еткен Шолпан Сапабекқызы өз қаражатымен ашқан автобекетте күту залы, анықтама бюросы, медициналық пункт, ана мен бала бөлмесі, асхана, билет кассасы, жүргізушілер бөлмесі және автотұрақ алаңы бар. Жалпы құны 60 млн теңге шамасында, 7 адам тұрақты жұмысқа

Нәтижесінде осылай Жосалы кентінен кілем жуу орталығын аштық. Қосымша несиеге ғимарат пен тағы керекті құрылғылар сатып алдым. Аудан орталығынан бөлек, ауылдық жерлерден тапсырыс түсіп жатады. Арнайы көлікпен тасымал қызметін де ұйымдастырдық. Күніне 10-15 кілем жуамыз, қосымша екі адамды жұмысқа алдым, – дейді жас кәсіпкер.

Жосалы кентінде ашылған «Ақ Дильназ» наубайханасы осындағы азық-түлік дүкендеріндегі бағаны тұрақтандыруды қолға алып, бастысы, сапалы, қолжетімді нан өнімдерімен тұтынушыларын қуантып келеді. Бес түрлі нан өнімін ұсынып жүрген Тұрсынай Нұрмаханова былтыр

«Еңбек» бағдарламасы аясында 555 мың теңге көлемінде грант және «Микробизнес-Қызылорда» өңірлік бағдарламасы арқылы 2 млн теңге көлемінде несие алыпты. «Жаңа жылдан бастап наубай-ханамыз ашылды. Бәліш, шөлпек, батон, бөлке нан, сондай-ақ тапсырыспен самса, кекс, пицца да пісіреміз. Бір күнде 300-ге жуық бөлке нан шығарып, 15



ЖАҢА ҚАР МАҚШЫ – ЖАНДАНҒАН ТІРШІЛІК



қармақшы-лықтардың игілігі үшін салынып жатқан қос нысанның қолдануға берілер күні де алыс емес. «Бұл жыл басқа жылдардан өзгереді» деген жөн болар. Қармақшы ауданында жылынан күннің райымен жанданған тірліктен осыны түсіндік. Көлік, кілем жуу, наубайхана, дөңгелек желімдеу, автобекет, жылыжай

орналасты, – дейді аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы.

Мемлекет қолдауымен кәсібін кеңге жайған қармақшылық Нұрсұлтан Алтынбеков 2021 жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының аясында «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздері курсынан өтіп, «Кілем жуу орталығы» бизнес жобасын қорғап шығу арқылы 583 мың теңге көлемінде мемлекеттік грантты ұтып алған. Берілген қаржыға 2 дана арнайы кілем жуу құрылғысын алған кәсіпкер шағын ғимаратта кәсібін дөңгелетуде. «Осыған дейін Нұр-Сұлтан қаласында дәл осындай орталықта қарапайым жұмысшы болып істедім. Сонда жүргенде жұмыс барысын толық зерттеп, өзіміздің ауданымызда да неге осындай орталық ашпасқа деп ойладым.

дүкенге таратамыз. Олар 85 теңгеден алса, үстіне бес теңге ғана қосып, 90 теңгеден өткізуде. Баға да көңілге қонымды», – дейді кәсіпкер.

Ал егіннің ебін тауып, бейнеттің берекесін көріп отырған келесі кәсіп иесі Марат Досниязов жылыжай ісін жандандыруда. Шетелдік өнімге жүгірмей, өзіміздің жергілікті көкөністерді тұрғындарға ұсынып отырғандықтан баға да қолжетімді, сапаға да сөз жоқ.

– 2020 жылы «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2,2 млн теңге грант ұтып алдым. «Зена» деп аталатын біздің қиярдың сорты 45 күнде өнім бере бастайды. Бұйырса, күніне 20-30 келі өнім аламыз деп күтудеміз. Алдағы уақытта өзге де көкөніс өнімдерін егіп, ауыл тұрғындарына сатылымға шығарсақ дейміз, – дейді еңбекқор кәсіпкер.

Осылайша тіршілігі жанданған жаңа Қармақшының келбетіне куә болдық. «Ер дәулеті – еңбек» демекші, ердің де, елдің де дәулетінің көрінісі тұрақтанған баға мен сұранысқа сай қамтамасыз етілген халықтың қажеттілігі сынды.

Дина БӨКЕБАЙ



Суши, пицца, чикен секілді тағамдар көптің көңілінен шығып тұр. Әсіресе жастардың сүйікті асына айналды. Десек те нарық заманы болғандықтан асты таңдап һәм талғап ішетін болдық. Тұтынушы үшін тағам көңілден шықпаса, тамақтану орны құлдырайды деген сөз. Мұны аспаз Бекайдар Жылқайдар жақсы біледі. Қоғамның қажетін өз қолымен даярлайтын маманның тағамдары бүгінде сұранысқа ие. Оқырмандар үшін Double BB мейрамханасының асхана әлеміне саяхаттап қайттық.

Бекайдар асхана әлеміне кездейсоқ келмеген. Бозбала шағынан тағам әзірлеуге бейім болыпты.

– Шыны керек, аспаз боламын деп ойлаған жоқпын. Бітірген мамандығым да бұл салаға қатысты емес. Қазақ гуманитарлық заң колледжінде дизайнер мамандығын аяқтадым. Үй ішінде тамақ пісіргеніміз болмаса, о баста таңғалатындай дүние болмады. Оқуды аяқтаған соң «екі қолға бір күрек» деп қатарластарымызбен жаппай жұмыс іздей бастадық. Бұйырғаны Алатау рестораны болды. Мақсатымыз – уақытша нәпақа табу. Алғашқы жұмыс күні бас аспаздың жанында өтті. Аспаз Әзиз Бодыбай асхана әлеміндегі алғашқы ұстазым десем болады. Тағам әзірлеуге деген қызығушылығым сол кісіден басталды. Одан кейін елімізге танымал Василий Огай жанына ертіп, шәкірті болдық. Василий

ДӘМДІ АС КӨҢІЛ-КҮЙГЕ ТӘУЕЛДІ

ұстаздың арқасында кез келген тағамды әзірлеуге машықтанып, бас аспаз мәртебесіне дейін көтерілдім, – дейді Бекайдар. Кәсіби маманның ең алғаш даярлаған тағамы фаст фуд екен. Сол кезде тәжірибесі болмаса да Бекайдардың дайындаған асына тұтынушылар оң баға берген. – Аспаздың ең бірінші тағылымдамадан өтетін тағамы – фаст-фуд. Қоғамның қажеттілігі саналатын, бургер, пицца, суши секілді тағамдар аспаз әлеміндегі алғашқы әліпбиім. Loft мейрамханасында фаст-фуд әзірлеуге машықтанып, келген қонақтарға қызмет атқардым. Айта кететін жайт, фаст-фудтың адам ағзасы үшін зияны көп деп жатамыз ғой, дегенмен бұл тағамдардың арасында сушидың пайдалы екенін айтқым келеді. Суши – ағзаға пайдалы, зиянды құрамдас бөліктері жоқ, калориясы төмен тағам. Шикі балықтан әзірлегендіктен, ішіндегі құрамы өзгермей, пайдалы дәрумендерін сақтайды. Құрамында калория мөлшері өте аз болады. Бір суши құрамында (50 г) 62-90 калория бар. Қорыта айтсам, бұл тағамда 5 есе көп денсаулыққа пайдалы дәрумендер мен минералдар бар. Суши жейтін адамдардың миы жақсы жұмыс істеп, ас қорыту жүйесі мен иммунитеті мықты болады. Сондықтан сушиді жиі пайдалануға кеңес беремін. Асханада ас әзірлеудің жауапкершілігі мен қиындығы көп екен. Тамақтың дәмді болуы


жасаған адамның көңіл күйіне де тікелей байланысты болып шықты. Сондай-ақ аспаздар өз үйінде тағам әзірлеуге мұршасы болмайтын көрінеді. – Әрине, тағам дайындаудың өзіндік қиыншылықтары жетерлік. Аспаз бәрін ішкі түйсігімен сезуі тиіс, кез келген адам аспаз бола алмайды, икемі, қызығушылығы болса ғана ісі өнеді. Сондай-ақ оның бойында жауапкершілік, тазалық және тағамға деген махаббат болу керек. Әсіресе тағамның барлық қоспасының сапалы болуына көп мән береміз. Шарифатымыз ас әзірлеудің өте маңыздылығын алға тартады. Егер әйел көңіл-күйсіз, ашу үстінде тамақ әзірлеген болса, күйеуі ол тағамды жемейтін болған. Сонымен қатар адал ас халал талаптарына сай болуы маңызды. Әр адамның талғамы әртүрлі. «Ас – адамның арқауы» дегендей, өз қолымыздан шыққан тағамды ішкен адамның көңілден шыққанын сезудің өзі ғанибет. «Етікші етікке жарымайды» демекші, жұмыстан тыс үйде тамақ дайындамаймын. Мереке аясында болмаса, көбіне анамның әзірлеген тағамын жейміз. 8 наурызда сыйлық ретінде тамақ дайындаймын, – дейді аспаз. Өңгіме соңында аспазға қолқа салып, сұранысқа ие сушиді үй жағдайында қалай дайындауға болатынын сұрадық.

Зере ӘДІЛЕТ



Аспаздан кеңес: Сушиға қажетті заттар: күріш – 2 кесе, әксерке (краб таяқшалары) – 100 г, нори – 2 дана, қияр (авокадо) – 1 дана, бамбук төсеніші, соя тұздығы. Алдымен 2 кесе күрішті салқын суға жақсылап шайып алу керек. Күрішті 30 минут салқын, таза суға қалдырып, екі стакан сумен ыдысқа қайнатамыз. Су қайнай бастаған кезде қатты отқа қою керек. Барлық су күрішке сіңгенше қайнатқан жөн. 20-25 минуттан кейін күрішке сірке қоспасын қосыңыз. Бамбук төсенішін дайындап, тамақ пленкасына ораймыз. Бұл күріштің төсенішке жабысуына жол бермейді. Стандартты нори парағын 2 бөлікке кесеміз. Сонда орамдар кішкентай болады, бұл өте ыңғайлы. Пісірілген нори парағын бамбук төсенішіне төмен қарай тегіс етіп қою керек. Оған күріш салып, кесілген қиярды саламыз. Жалпы балықты краб таяқшаларымен, ал қиярды авокадомен ауыстыруға болады.

Қалауын таласа, қалдық та кіріс



Қоқысты пайдаға жаратып, жаңа өмір берудің көрінісі – оларды қайта өңдеу. Алайда еліміз бойынша қоқысты өңдеуден бұрын ең қарапайым оларды тастағанда құрамына қарай бөлек жинап, сұрыптау мәдениеті де қалыптаспаған. Өңірде қоқысты қайта өңдеу қаншалықты қарқын алған? Пайдасы қандай? Бұл сұрақтардың жауабын Қармақшы ауылының тұрғыны, кәсіпкер Азамат Тұрақовтың қолға алған ісінен табуға болады. Экологиялық қоқыстарды сұрыптап, өңір тазалығын өз кәсібімен ұштастырып жүрген кәсіпкер аудан орталығы мен елді мекендерден қағаз, полиэтилен, пластик қалдықтарын жинап, сұрыптап, арнайы орынға өткізеді. Аталған кәсібін жандандырып, қоғамға пайдалы қызмет көрсету үшін арнайы бизнес жоспар жасаған ол мемлекеттен грант ұтып алған.

– Полиэтилен пакеттерінің келісін 60 теңгеден қабылдап, қаладағы орталыққа 140

теңгеден өткіземін. Ал қағаз картондарды 10 теңгеден алып, 50 теңге, пластик бөтелкелерді 50 теңгеден алсам, 90 теңгеден қабылдайды. Аудан бойынша тұрғындардан, сауда орындары, азық-түлік дүкендерінен түрлі қайта өңдеуге болатын қалдықтарды жиып, жаңа өнім түрлерін шығаруға мүмкіндік бар. Міне, осы жобамды қорғап, былтыр «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламаларының гранттық қолдауы бойынша 2,2 млн теңге грант ұтып алғанмын. Жиналған қалдықтарды сығып, арнайы қалыпқа келтіретін аппарат сатып алдық. Тағы дәл осындай құрылғы алу жоспарда тұр, – дейді кәсіпкер.

Аудан бойынша қалдықтарды жинап, қайта өңдеу орындарына тұрақты өткізіп отыруды қолға алған Азамат Сардарбекұлы – 26 жаста. Қармақшы ауылында дүниеге келген кәсіпкердің қызметі көпшілікке елеусіз көрінгенмен бүтін бір елдің, ғаламның мәселесіне қосар «тамшыдай» тұрақты әрекетімен тамса, тас төсер дәрежеге жететіні анық. Азаматтың кәсібінің көлеңкесінде табиғатқа деген адалдық пен тазалықты сақтауға деген жауапкершілік жүгі бой береді.

– Бізде Алматы, Астана сынды үлкен қалалардың өзінде қоқысты сұрыптау мәдениеті енді қалыптасып, әдетке айналып келеді. Мәселен, Еуропаның барлық елінде қалдықты жинау, сұрыптау мәдениеті қалыптасқан. Ондағы тұрғындар бұл тәртіпке бағынбайтын болса, міндетті түрде айыппұл төлейді. Қағаз және арнаулы белгісі бар тез өңделетін заттар жеке-жеке контейнерлерге салынуы тиіс. Адам ағзасында жинақталған бір реттік пайдаланылатын ыдыс, пластиктердің әсері бауыр, бүйрек аурулары, онкология сынды дертке шалдықтырады.

Жай ғана су жағасында іші қоқысқа толы 15 полиэтилен қалтаның шашылып жатқанын елестетіңізші. Сол 15 қалтаның биовыдырауға ұшырап, толықтай жойылып кетуі үшін орташа есеппен 450 жыл қажет екен. Сондықтан қызылордалықтарды қоқысты тастамай, сұрыптап, қайта өңдеуге тапсыруға шақырамын. Бұл – сіз беніз үшін мәселе, болашақ ұрпақ үшін де маңызды мәселе, – дейді Азамат Сардарбекұлы.

Дина БӨКЕБАЙ

Ақбота САДЕНОВА, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы халықты жұмыспен қамту бөлімінің басшысы:

Қайтарымысыз қаржы көлемі артты

Бүгінде кәсіп бастауға ниетті жастың қатары мол. Оларды қолдау мақсатында көптеген жеңілдік пен бағдарламалар қолға алынғанын білеміз. Соның ішінде 1 миллион 200 мың теңгені құрайтын қайтарымысыз қаржы да жастарға бағытталуда. Үміткердің жасы 29-дан аспауы керек әрі жоспары айқын болуы шарт. Әрине, жұмыссыз санатында болуы – басты талап. Айта кетерлігі, сәуір айынан бастап жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға берілетін қайтарымысыз грант беру шарттарына өзгеріс енгізілді. Мемлекеттік грант мөлшері 1 225 200 теңгеге жетті. Сондай-ақ гранттар тұтынушылық мақсаттарға, несиелік қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге берілмейді. Грантты кім алуға құқылы, қандай мақсатта алса болады? Бұл сұрақтарға облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы халықты жұмыспен қамту бөлімінің басшысы Ақбота Саденова жауап берді.

– Қайтарымысыз грантты алуға әркім-ақ дәмелі. Осы орайда 1 млн 200 мың теңге кімдерге берілетінін тарқатып айтсаңыз...

– Мемлекеттік грант бастапқы бизнесті іске асыруды жоспарлайтын 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобаға қатысушыларға өтеусіз және қайтарымысыз негізде беріледі. Көлемі – 400 еселенген айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшер. Грант бір рет беріледі. Сонымен қатар бұрын мемлекеттік грантқа барлық санаттағы азаматтар үміткер болса, биылдан бастап тек 29 жасқа дейінгі жастар мен әлеуметтік осал топқа жататын азаматтар ғана ала алады. Әлеуметтік осал топтарға атаулы көмек алушы отбасы мүшелері, көпбалалы отбасы мүшелері, мүгедектер, мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны алатын адамдар және қандастар жатады.

– Тағы қандайда бір шектеу бар ма?

– Айта кететін жайт, аталған санаттағы азаматтар жұмыспен қамту органдарында тіркеуде тұрған жұмыссыз немесе мәртебесін ресімдеу мерзімі 1 жылға дейінгі жеке кәсіпкер болуы міндетті. Оған қоса Бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер немесе жеке қосалқы шаруашылықта жұмыс істейтін азаматтарда талапқа сай келеді. Сондай-ақ грантқа үміткер кемінде 1 жыл тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркеу туралы мәліметтерді ұсынады.

–Үміткерлер қажеті құжаттарды электронды нұсқада жіберсе бола ма?

– Әрине. Биыл грант беру процесі электронды түрде өтеді, яғни адами фактор жойылып, грант алуға үміткердің талапқа сай келетіндігі (келмейтіндігі) жүйе арқылы анықталады. Бұл ретте үміткер өтінімін 1 сәуірден бастап іске қосылған «Busi-ness.Enbek» порталына электронды цифрлық қолтаңба арқылы тапсырады. Шешімді грант алуға үміткерлердің өтініштерін қарау жөніндегі арнайы комиссия шығарады. Комиссия жұмыспен қамту орталықтарының жанынан құрылады. Құрамында «Атамекен» облыстық кәсіпкерлік палатасының өкілі, қоғамдық бірлестіктер, қоғамдық-танымдық ұйымдар, бизнес, БАҚ өкілдері және сала мамандары қамтылады. Комиссия отырысында үміткер бастапқы бизнес-жобасын таныстырады. Комиссия қолдаған жағдайда үміткер портал арқылы банк шотының нөмірін береді.

– Грантты қандай мақсатта алуға болады?

– Орынды сауал. Әрбір үміткер үшін есте сақтауға тиіс талап бар. Мәселен, грант қаражаты бизнес-жоспарға сәйкес ғана пайдаланылуы керек. Нақты айтқанда, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықты, жануарларды, өсімдіктерді, тұқымдарды сатып алу, үй-жайды жалға алу үшін жұмсалыуы тиіс. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларының қатысушылары грант алуға үміткер бола алмайды. Егер жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысушы өз қатысуын дәлелсіз себеппен өз бетінше тоқтатса, онда 1 жыл ішінде грант алуға үміткер болуға құқығы жоқ.

– Қайтарымысыз қаржыны қанша адам алады?

– Грант алушы 1 жыл ішінде порталда есеп беру арқылы қаражаттың мақсатты пайдаланылуын растайды. Бұл ретте Халықты жұмыспен қамту орталықтарымен гранттардың мақсатты пайдаланылуына тұрақты мониторинг жүргізіледі. Биыл облыс бойынша 3437 адамға грант беру межеленуде. Грант беру 12 ай ішінде лек бойынша жүзеге асырылатын болады.

– Өңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА



BIR ÖLEÑNİŇ TARİHY

«Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосыңдар» дейді Абай. Жер бетіндегі тіршілік иесінің бәрінен биік адамды адам етіп тұрған да, қиял мен шындыққа, өлім мен өмірге мән беретін де, тал бесіктен жер бесікке дейін жаныңды төрбейтін сезім де – махаббат болса керек. Оған берілген анықтама мен ол туралы басылған кітаптардың, жазылған әндердің, оқылған өлеңдердің санын ешкім білмес. Ілияс Есенберлинше айтсақ, бір анығы, «Адамның көңілін жеңілдетер, жанын жібітер махаббаттан артық күш жоқ. Қызды сүйген жігіт қандай азапқа болса да көнуге бар, ал баласын жақсы көрген ана баласы үшін жан қиюдан тайынбайды. Бұл – табиғат заңы. Махаббатты осындай құдіретті етіп, дүниедегі ең ұлы күш – жаратылыстың өзі жаратқан. Сондықтан махаббаттың алдында кім болса да әлсіз, амалсыз».

Эстрадада саны көп, сөзінің мәні жоқ әндер көбейген тұста ішкі сезімдері мен толғаныстарын шабытына арқау етіп, өлеңінің шынайылығымен оқырман жүрегін баураған, махаббаттың әнұранына айналған туындылар жоқ емес. Соның бірі де бірегейі Қазалы ауданы, Ақтан батыр ауылында дүниеге келіп, қазір шығармашылығы қазақтың батысы мен шығысы, солтүстігі мен оңтүстігінде оқырман жүрегінен орын тауып жүрген Ақжол Түменбайдың «Өз жүрегіңнен ұялмайсың ба?!» деген өлеңі жайлы сөз етпекпіз.

– Әдебиет – ардың ісі. Сөздің қасиеті үлкен мен үшін. Алғашқы өлеңдерімді жоғалтып алдым. 7 сыныпта жүргенде шимайлай бастадым. Алғашқы өлеңім нәзік сезімнің, махаббат-тың

өлеңі әлі талай ғашықтардың махаббат хикаясына куәгер болары анық. Жанымның жыртып ақ шүберегін, Дәртіме дауа тапшы демедің. Өтірік күліп, өмір сүрем де,

Көрінген едің шу-ақтай маған, Шөлдесең жаным бұлаққа айналам. Күй-бөңнің қанша қан жылатса да, Сүйгенің бірақ жылатпайды адам. Мен сені құшқан ұлы түн қайда... Оның да ертең күні тумай ма!?

Ес-түссіз сүйген есер шағымды. Ұмыт дейсің бе, Ұмыту қайда? Іңкәр сезімге бөленбей ғалам, Мұңын шағады өлеңдей маған. Жұлдыз көрінсе Айдың жанынан, Есімінді оқып өлердей болам. Түн мені тағы ойға батырды, Шығардым жалғыз ойланатынды. Құдай да шебер ұмытпасын деп, Аспанға жазып қойған атыңды. Жақсы көрем деп жиі алдайсың ба?

Жан тәніңменен сүйе алмайсың ба?

Менің жүрегім көшірімді ғой. Өз жүрегіңнен ұялмайсың ба? Қара түндерде ай тараңбаған, Қолымды созам, қайта оралмаған.

Айналмаймыз ба ғашықтарға біз, Жердің бетінде қайталанбаған. Мұнайды жүдеп осы гүл бағым, Жұлайды жүрек қосылып жаным. Өмір де өзің, өлең де өзің, Байқамайсың ба осының бәрін? Қарамады ол ұшықталсам да, Қара бастым-ау түсіп сарсаңға. Мұқағалиды тірітіп алып, Махаббатыма ішіп барсам ба?

Дина БӨКЕБАЙ

БАСТЫ ҚҰНЫМЫЛЫҒЫМЫЗ – СЫҰЛАСТЫҚ



Сәрке мен Зарина – жас отбасы ретінде қатарластарына үлгі болып жүрген жұп. Бүгінде екі кестетігерді тәрбиелеп отырған жас жұбайлар бізге ғашықтар күні қарсаңында махаббат тақырыбында әңгіме өрбітті.

Ең алғаш танысқан сәт, сезімдеріңізді білдірген кездер естеріңізде ме?

Сәрке: Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде білім алып жүргенде болашақ келіншегім Заринаны жолықтырдым. Менің екінші курс оқитын кезім, ал ол университетке енді түскен жыл болатын. Сол уақытта «Ұлағат ұландары» жастар қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшесі болып жүрдім. Бірде ол «Ұлағат ұландарының» құрамына қабылдануға үміткер болып келді. «Ұлағаттың» ережелерін түсіндіріп жүріп, Заринамен етене таныса бастадым. Емен-жарқын әңгімелесіп, араласа бастаған уақыттан бір-екі ай өткен соң жігіт ретінде сезімімді білдіріп, тамақтануға, бірге серуендеуге шақыра бастадым. Осылайша біз тіл табысып кеттік. Университет қабырғасында қыз бен жігіт ретінде үш жылдай араласып жүрдік. Негізі шаңырақ көтеруге оның университеттегі оқуын бітіруін күтіп, сол уақыт таяғанда отбасыма апарып, ата-анаммен таныстырдым. Алғаш танысқан күні дастархан үстінде анам Заринадан «тұрмысқа шығатын ойың бар ма?» деп сұрады. «Иә» деп жауап берген болашақ жарымның сөзінен соң анам тойға дайындықты бастап кетті. Сіздерді отбасында не біріктіреді?

Зарина: Бізді отбасында ортақ диалог біріктіреді. Екеуміз жақсы сөйлесеміз. Мысалы, Сәрке таңертеңнен кешке дейін жұмыста. Үйге кеш қайтып, шай ішкісі келмесе де, менімен әңгімелесу үшін дастархан басына асығатынын айтады. Себебі шай үстіндегі әңгіме бізді жақындастырады, ол жерде біз бүкпесіз әңгімелесіп, бір-бірімізді мұқият тыңдап, қолдау көрсетеміз.

Келінше-гіңізді таңдар сәтте қандай қасиеттеріне баса мән бердіңіз?

Сәрке: Зарина – өте кішіпейіл қыз. Өзінен бір-екі жас үлкен болсам да мені «аға» деп сыйлайтын. Сосын адамның сөзіне қатты мән беретін, сені түсінуге тырысып, ойымды бөліскен уақытта шешімін табуға қолдау көрсететін. Тағы бір мен ұнатқан қасиеті жанашырлығы болды. Кез келген адамға, көшеде кетіп бара жатқан жануарға болсын қамқорлық танытатын. Тіпті өзінің жеп келе жатқан самсасын көшедегі мысықтарға «аш қалмасын» деп бөліп беретін. Жалпы алғанда келіншегімнің мінезіне ғашық болдым.

Отбасында келіспеушілік болса кім бірінші кешірім сұрайды? Жалпы түсінбеушілік бола қалса қалай шешесіздер?

Зарина: Ол ренжіткен адамға байланысты. Кім кінәлі болса, сол бірінші кешірім сұрағаны дұрыс деп ойлаймыз. Бірақ көбіне бірінші қадамды ер адам жасайды. Ол кінәлі болса да, болмаса да (күліп). Негізі мәселені шешудің басты жолы – ашық әңгімелесу. Өкпесін жасырып, «ешнәрсе болған жоқ» деп ашуланған сайын мәселе ушыға түседі. Сондықтан отбасы болған соң жас жұбайлар бір-бірінен ешнәрсені жасырмай, ашық тілдесу керек. Отбасылы болған сәттен бастап түсінгеніміз, адам кешірім сұрай білу керек. Қартеңі мойындай білу – отбасын сақтап қалудағы ең үлкен құн-

дылық. Біздің отбасының ең басты ерекшелігі де сол, отбасы мүшелері бір-бірін сыйлап, түсіне біледі. Сондықтан үйдегі басты құндылық – сыйластық деп айта аламыз. Көп таныстарымының отбасынан байқаймын, олар мәселені үйдегі жақындарымен бөліспейді. Сонда отбасы деп не үшін айтылған? Олар тек қуанышты сәттерде ғана емес, мәселе кезінде де бір-біріне қолдау көрсету қажет.

Жарыңызды қалай еркелетесіз?

Сәрке: Қалай айтсам екен?! (күліп) Мен үйдің кенжесі әрі ұл баладан өзім ғана болған соң ата-анаммен бірге тұрамыз. Сондықтан үй ішінде келіншегімді көп еркелете бермеймін. Ал күнделікті «ботам, келіншегім» деп жылы сөздерімді айтып жүруге тырысамын. Кейде жұмыстан қолым босамай қалған сәттерде хабарсыз қалсам, оның өкпелеп ренжіп қалатын сәттері болады. Сол кездегі қолдау көрсетіп, жылы сөздермен кешірім сұрасам, оның шай орамал кепкенше тарқайтын өкпесі жазылып, балаша маз бола қалады.

Ғашықтар күні қарсаңындағы бір-біріңізге қандай тілек айтар едіңіздер?

Сәрке, Зарина: Бір-біріміздің көз алдымызда деніміз сау болып, маз болып жүрсеқ басқа ешнәрсе керек емес. Әрдайым бір-біріміздің қасымыздан табылсақ, содан асқан бақыт жоқ. Қалған армандарымызға бірге жетеміз.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

Кинодағы ғашықтық шынайы өмірде шындыққа айналатын құбылысты байқап та, көріп те жүрміз. Мұндай сәт сонау XX ғасырда-ақ отандық киноиндустриядағы өнер жұлдыздарында орын алған. Тарих беттері қазақ киносының корифейі Құман Тастанбеков пен Мәуерүт Өтекешеваның «Қыз Жібек» фильмі арқылы танысып, табысқанын айқындап тұр. Өнерлі жұп аталған фильмнен кейін жұптарын жазған емес. Ал бүгінде мұндай махаббат мұнарасын фильм арқылы көтеретіндер көбейген. Соның бірі – Ермек Тұрғанбек пен Нарқыз Айдарова.

Өткен жылы Qazaqstan арнасында көрерменге жол тартқан «Махаббат, қызық мол жылдар» телехикаясы сан көрерменнің сүйікті сериалына айналды. Әзілхан Нұршайықовтың романы желісінде түсірілген сериалдың басты рөлін Ермек пен Нарқыз сомдап, Ербол мен Меңтайды жоғары деңгейде алып шықты. Романдағы қос ғашықтың сезімін шынайы сомдағаны соншалық, теледидардан тамашалаған жұрт өнер иелеріне «табысып кетсе» деген тілегін жеткізген. Сериал түсірілімі аяқталысымен көрерменнің тілегі қабыл болып, Ермек Нарқызға шынайы сезімін білдірді. Осылайша фильм арқылы табысқан тағы бір жұп толықты. Жұлдызды жұптың махаббат хикаясын тарқатып көрсек.

Аға мен қарындас қатынаста жүрген Ермек пен Нарқыздың жолы кастингте түйіскен. Өнер иелері



үшін «Махаббат, қызық мол жылдар» телехикаясының кастингі оңай соқпаған.

Ермек: «Махаббат, қызық мол жылдардың» актерлерін Cinexus сайты арқылы жинады. Кастингке бүкіл Қазақстан қатысты. Өз басым бұл сайтқа өзім жайлы мәліметтер жіберген емеспін. Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» деген туындысына кастинг жүріп жатыр, өзің жайлы деректерді, суреттеріңді жіберсең болады» деп маған көктемде айтқан болатын. Бірақ мен жұмыстармен жүріп, жіберуді ұмытып кетіппін. Сонымен 2020 жылғы мамырдың соңына таман мені іріктеуге шақырып, суретке түсірді. Алдымен «фотопроба» болды. Одан кейін «видеопробаға» шақырды. Сөйтіп, екі үш рет шақырғаннан кейін Ербол рөліне бекітті.

Нарқыз: Ең алғаш кастинг жайлы Qazaqstan ұлттық арнасының жарнамасынан көрдім. Одан кейін толық мәліметпен танысып, анке-

тамды қалдырдым. Қателеспесем, 2020 жылы 21 наурыз сағат таңғы 9:30 болатын. Екі-үш аптадай бір хабарын беретін шығар деп күттім. Бірақ ешкім хабарласпады. Арада екі ай өткеннен кейін хабарласып, шақырды. Оған барғаннан кейін сериалдың толық сценарийін берді, оқып шықтым. Бірақ маған алғашында Майраның (Меңтайдың құрбысы) рөлі бұйырыпты. Бірақ өзім «тек Меңтайдың рөліне түсімі келеді» деп іштей ниеттенгеннен кейін ол рөлден бас тарттым. Продюсер «онда басқа жобаларға түсе бер, кейін бірге жұмыс істей жатармыз. Біз негізі Меңтайдың рөліне басқа актриса алып қойған едік» деді. Бірақ сол күні түнгі 12-де қайта хабарласып, Меңтайдың рөліне қабылданғанды айтты.

Екі ғашықтың сезіміне сериал түрткі болыпты.

Ермек: Иә, махаббатымызға сериал түрткі болды. Сериал кінәлі бәріне, сериалдың кесірінен бәрі (күлді).

Нарқыз: Негізі, иә, сериал – себепкер. Мен өнер академиясы-

на бірінші курсқа түскенде Ермек үшінші курс оқып жүрген. Ол кезде үлкен курстарды танымаймыз. Бір күні асханада отырғанда қасымдағы қыздар: «Мә, біздің 3-інші курстың жігіттері әдемі, иә?» дегенде бұрылып, бірінші Ермекті көргем. Сосын қыздарға «Сендердікі көз бе, без бе? Қай жері әдемі? Қап-қара ғой» дегенмін. Содан тұрып, кетіп қалдық. Бірақ бір оқу орнында оқығаннан кейін бір-бірімізді сырттай танытынбыз, сәлеміміз түзу болатын.

Одан кейін осы кастингтен соң барып, Ерболды Ермек ойнайтынын білгенде қатты таңғалдым. Оның алдында «Бір тоқсанда» да бірге ойнау керек едік, бірақ бір жағдайларға байланысты мен Заринаның («Бір тоқсан») сериалында Ермек сомдайтын кейіпкердің ғашығы) рөлін ойнай алмай қалдым. Міне, содан бір жылдан кейін «Махаббат, қызық мол жылдардың» түсірілімі алаңында кездестік. Түсірілім басталардан 1-2 апта бұрын

ертерек барғанымызда, режиссер бізді таныстырып тұрып: «Сериал аяқталғанда сендер отбасын құрасыңдар, бірге боласыздар» демесі бар ма?! Бірақ арада бәрібір бір барьер болды. Бірақ бұйырған нәрсе кетпейді екен, басымызға жазылғаны осы болды. Одан қашып кете алмадық. Махаббатымызға себеп – осы сериал. Осы жерде таныстық. Бір-бірімізді ұнатсақ та айта алмай жүрдік. Бірақ тез тіл табысып кеттік. Төрт ай бойы бірге рөл сомдадық. Сериал түсірілімі 19 қыркүйекте аяқталса, мені 20 қыркүйекте ұзатты. Карантин болған соң, шағын той жасап, отбасымызбен атап өттік.

Небәрі 1 жарым айда сезім ұшқынын байқаған махаббат иелері қазір керемет отбасыға айналған. Фильм арқылы жол тапқан Ермек пен Нарқызды 15 сәуір – Қозы Көрпеш пен Баян сұлу күнімен құттықтаймыз, бақытты, баянды жұмыр тілейміз!

Зере ӘДІЛЕТ

Алдымен Сырдария өзеніндегі бүгінгі су деңгейін саралап көрелік. Қазіргі таңда Сырдария өзенімен облыс шекарасына 650 м3/сек су келуде. Жалпы Қызылорда су торабынан 536 м3/сек, Айтек су торабынан 477 м3/сек, Қараөзек арнасынан 55 м3/сек және Қазалы су торабынан төмен 235 м3/сек су өтуде.

— Рас, Сырдария өзенінің арнасында су деңгейі қайта көтерілді. Себебі Шардара су қоймасының толу көрсеткіші жобалық көлемге жетті. Сондықтан су қоймасына түсетін барлық

су көлемі дарияның төменгі ағысына уақытша мерзімге, транзиттік режимде секунднына 1000 текше метр су жіберілуде. Сырдария өзенімен облыс шекарасына 650 м3/сек су түссе, одан Қызылорда, Әйтек, Қараөзек және Қазалы су торабынан төмен су тасталуда.

Дегенмен дариядағы қалыпты су деңгейді


филиалы директорының орынбасары Жорабек Ерназаров.

Демек, дарияның арнасы суға толды деп қуануға әлі ерте. Жаз айында су мөлшері төмендесе, қиындық туындауы мүмкін. Қазірдің өзінде жағдайдың бақылаудан шығуына жол бермеу үшін жоғарыда аталған шарадан бөлек, өзге де қадам жүзеге асуда.

тапшылығы қатты байқалды. Әсіресе жергілікті өнім күрішке қатысты мәселелер туындады. Бұл жағдайға бірнеше фактор әсер еткен еді. Әуелгісі, Қырғызстан мен Өзбекстан суды жөндеп жібермей қойды, кейінгісі, өзенді жолдан егістік пен өнеркәсіптер шектен тыс пайдалануынан болды. Бүгінде Сырдария қайта қалпына келуде. Бірақ мұның осы деңгейді сақтап тұруы екіталай. Себебі олардың

бассейнінің су жүйесі Қырғызстаннан бастау алғанмен Өзбекстанды кесіп өтетіні белгілі. Жыл сайын су мөлшерінің төмендеуі көршілерге де оңайға соқпай отыр. Табиғи жағдайдың салдары экологиялық, экономикалық олқылыққа әкелуде. Мысалы, Қырғызстандағы Тоқтағұл су электр стансасын алайық. Су мөлшерінің азаюы электр қуатын өндіретін стансаның

ҚУАҢШЫЛЫҚ ҚАЙТАЛАНУЫ МҮМКІН БЕ?



сақталады деп айту әзірге қиын. Егер биыл Шардара су қоймасына түсетін су көлемі 2,3 млрд м³ болып, Көксарай су реттегішіне 1,5 млрд м³ су жиналмаса, облыс аумағында егістікке су беру маусымы кезеңінде су тапшылығы болуы ықтимал. Осы мақсатта вегетациялық кезеңдегі су тапшылығы жағдайында каналдармен алынатын суды үнемді және ұтымды пайдалану мақсатында күріш дақылының көлемін өткен жылмен салыстырғанда 20-30 процентке дейін азайту жолын қарастырамыз, — деді «Қазсушар» РМК Қызылорда

Мәселен, әрбір ауыспалы егіс алқаптарының ротациясын құзырлы мекемелердің көмегімен сақтау, дақылдарды каналдың су бөлу нүктесінен қашық орналасқан немесе биік егіс атыздарына орналастырмау ісін атаса болады. Оған қоса ішкі каналдар мен қашыртқылардың қайырдан, қоға және қамыстардан тазарту, егісте су тапшылығын тудырмау мақсатында қажет жағдайда насос қондырғыларын құруға әзір болу шарасы да назар аударуға тұрарлық.

— Өткен жылы Сыр өңірінде дария суы азайып, салдарынан былтыр, оның алдыңғы жылдары суармалы егісте су

бізге су жіберуіне бір ғана себеп бар. Наурыз айының басында Сырдария өзенінің жоғарғы ағысында Өзбекстан, Тәжікстан республикаларында және Түркістан облысы жауын-шашынды болып, Шардара су қоймасына түскен су көлемі күрт көбеюінен су қоймасындағы су көлемі 5,0 млрд текше метр жетті. Сол су қазір еріп бізге жетуде. Бүгінде жауын-шашын тоқтады. Ал көршілес қырғыз бен өзбек ағайындар егін егуді бастап кетті. Енді су көлемі қайтадан ақырындап азайып жатыр, — деді Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы басшысы Сейілбек Нұрымбетов.

Жалпы Сырдария

қуатын кемітсе, Өзбекстан мен Қазақстандағы өзен ағысының бәсеңдеуі егістікке кері әсер етуде.

Әрине, Сырдария өзенінің трансшекаралық маңызды статусы аталған мәселеге Орталық Азия мемлекеттерінің бірлесе әрекет етуін талап ететіні анық. Осы мақсатта мемлекетаралық келісімдер жасалып, құзырлы орган басшылары өзара мәмілеге келуге тырысуда. Оған ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың Өзбекстанға сапары кезінде Сырдария өзені бассейніндегі су шаруашылығы мәселесін көтеруі дәлел бола алады.

Берен ШАҒЫРОВ

ТАБИҒАТ ИЕН ТАРИХ

Табиғат адам жанымен үндесе өмір сүреді. Сондықтан ондағы әрбір тіршілік иесі қамқорлықты қажет етеді. Дәл қазіргі уақыт жасыл жапырақтың бас көтеріп, тал бүршігінің қылаң беретін сәті. Айналадағы жан-жануардың да түлеп, құстардың қайта оралуы Табиғат-ананың қысқы қалың ұйқысынан оянғанынан хабар береді. Табиғаттың осындай ғажап сәтін «Барсакөлмес» қорығында жүріп, айналаңа мән беріп, зерделеудің өзі бір ғанибет дүние.

Қорықтың жұмысы табиғатпен етене байланысты болған соң, ондағы кішкентай өзгерістің өзі қызметкерлерге әсер етпей қоймайды. Сондықтан әрбір жауапты маман табиғатқа құрметпен, ерекше қамқорлықпен қарауды өзіне міндет деп санайды. Осы тұста мен өзім қызмет ететін Барсакөлмес қорығы жайлы айтпақпын.

Арал ауданында орналасқан Барсакөлмес мемлекеттік табиғи қорығы туралы биология ғалымдарының докторы Муса Исмагилов 1973 жылы өзінің «Остров куланов» атты кітабында — «Мен, оңтүстік Балқаш өңірінде, Мойынқұмда, сазды топырақты Бетпақ далада болу мүмкіндігіне ие болдым. Алайда, ерекше тамаша естеліктерім Барсакөлмес қорығында, құландар аралында қалды. Солардан кейін Орталық Қазақстанның кең байтақ боз селеулі жазығында, әсем көріністі Баянауыл тауларында, таяз сулы керемет Зайсаң көлінде де, Тянь-Шаньның биіктерінде болған кездерімде де — Барсакөлмес аралы туралы естелігім ең қымбат болып қала берді. Бұл

тамаша жер түпкірі есімде мәңгіге сақталған және мені өзіне тартып тұрады, себебі жастық шағыммен, алғашқы ғылыми зерттеулеріммен және бақылауларыммен байланысты» деп жазған. Ғалымның сөзінен аңғарғанымыздай, Барсакөлмес арал мәртебесін жоғалтса да, әлі күнге табиғи әсемдігі мен қымбат құндылықтарын сақтап қалған.

Тарихқа үңілсек, Қазақ ССР Халық комиссарлар кеңесінің 1939 жылғы 10 желтоқсандағы №973 Қаулысымен мемлекеттік табиғи қорығы құрылған. Осылайша Барсакөлмес аралы Ерекше қорғалатын табиғи аумақ дәрежесіне ие болды. Сол жылдары аралдың жалпы көлемі 16795 га жерді қамтыған.

1929 жылдан бастап есептегенде Барсакөлмес қорығына 7 түрлі аң (ақбөкен, қарақұйрық, құлан, жабайы шошқа, құм балпағы, толай қояны) жерсіндіруге жіберіліп, жақсы нәтиже берген. Солардың арасында 1953 жылы Түркменстанның «Бадхыз» қорығынан Дүниежүзілік Қызыл кітапқа енгізілген 9 бас құлан жерсіндіруге жіберілген. Құландар Барсакөлмес қорығының табиғатына жақсы бейімделіп, көбейген соң 1980 жылдары оның саны 300-ге жеткен. Алайда Арал теңізінің тартылуына байланысты негізгі суат көзі болған теңіз суының тұздылығы артқан соң ғалымдар Барсакөлмес құландарын еліміздің басқа өңірлеріне жерсіндіруге ұсыныс жасайды. 1982 жылдан бастап құландарды басқа өңірлерге, атап айтқанда, «Алтын емел» мемлекеттік ұлттық паркіне және Каспий маңына жерсіндіру жұмыстары басталды. Қазір Қазақстанның аумағындағы құландар Барсакөлмес қорығының құландарының ұрпақтары болып саналады.

Мейрамбек БАЙЖІГІТОВ, «Барсакөлмес» қорығының инспекторы



Қала төңірегіндегі мәселенің бірі — көріз суы. Атап айтсақ, орталықтандырылмаған жеке үйлердің көріз суын тасымалдаумен айналысатын ассенизатор көліктері бейберекетсіздік танытуда. Нәжіс суын қалтарысқа төгіп кете беретін ассенизаторлар саны көбеймесе азаймай тұр. Ал ешқандай рұқсаты жоқ көлік иелерімен күресуге экологтар қауқарсыз. Арнайы орынға бармай-ақ, арам суды қала ішіне шашатын ассенизаторларды қалай тоқтатуға болады? Тақырыпты тарқатып көрсек.

Қалалық полиция басқармасының мәліметінше жыл басынан бері 72 ассенизаторға әкімшілік хаттама толтырылған яғни айыппұл салынған.

Қала тұрғыны Үміт Есендікова заңсыз кәсіппен айналысып жүргендермен күресіп әлек болған. Тіпті кейбірі құлақ аспақ түгілі, балағат сөз

айтатын көрінеді.

— Шұғыла шағын ауданында көріз суын бейберекет төгетіндерді күнде кезіктіресіз. Барлық құзырлы органдарға бардық. Әлеуметтік желі арқылы да жанайқайымызды жеткізіп жатырмыз. Бірақ құлақ асатын біреуі табылмай тұр. Нәтиже болмаған соң кімге шағым айтарымызды білмейміз. Әсіресе 547 СМА 11 нөмірлі ассенизатормен әлекпіз. Күніне бірнеше мәрте төгіп кетеді. Шұғыла мөлтек ауданынан өтсеңдіз, сасық су қолқаны қабады. Келеңсіздіктер тыйылмаса, мұның соңы ауруға соқтырады. Тазалыққа құштар жаңа әкімнен үміт күтеміз, — дейді қала тұрғыны.

Дәл осы нөмірлі ассенизаторға тек Үміт Есендікова ғана шағымданып жатқан жоқ. Facebook және инстаграмдағы kritikakyzylda парақшасында бірнеше тұрғын өз уәжін білдірген. Соның бірсыпырасына көз жүгіртсек.

Әліби Қаппарұлы: «Осы Камаз ерке болды-ау әбден. Қанша уақыт болды айтып, көрсетіп жазып жүргендеріне. Айына 2-3 рет фейсбук парақшасына шығып тұрады. Бұған бір тоқтау салатын уақыт болды

ғой» деген пікір қалдырған. Ержігіт Пернебаев есімді желі қолданушысы «Құзырлы мекемелердің бұл көліктерге әлі келмейді. Оның дәлелі қалада онды солды септик суын төгіп жүргендігі. «Назарға алынды, қосымша жауап беріледі, хаттама толтырып сотқа жолданды» деген жаттанды жауапқа үйреніп те қалдық» деген ойын жазған.

Бұл — бір ғана көлікке бағытталған әңгіме. Мұндай

заңсыздыққа жол берген қаншама техника септиктегі суды қала орталығынан әрі төге алмай жүр. Аталған мәселе

бойынша «Қызылорда су жүйесі» мекемесіне хабарластық.

Бұл мәселенің бар екенін мекеме қызметкерлері растап отыр.

— Көп жағдайда жеке кәсіпкерлер заңсыз жолмен жұмыс істейді. Жалпы ассенизатор көліктері үшін арнайы белгіленген орын бар. Титов ықшам ауданына қарасты, яғни шыны зауытының жанында көріз суын төгетін орын дайындалған. Көріз суын тасымалдайтын жеке көлік иелері «Қызылорда су жүйесіне» келіп, нәжіс суын сонда төгу үшін келісім-шарт жасайды. Көліктің сыйымдылығына байланысты қаражаты белгілі болады. Сонымен қатар қазір тек қала орталығында емес, Тасбөгет кентінде де аталған мәселе кеңінен жайылған. Тасбөгет пен Титов аралығын жалғайтын қысымды коллектор арқылы биологиялық тазарту станциясына төгілу жолын қарастырудамыз. Жобаның сметалық құжаты «Мұнай газ инженеринг» мекемесі арқылы дайындалды. Жоба 2,8 млрд теңгені құрап отыр, — дейді жауапты мекеме мамандары.

Иә, бұл жоба іске асар болса тұрғындардың базынасы басылар еді. Дегенмен аталған жоба әліде эксперттердің құзырынан өтпеген, яғни екі аралықты жалғайтын жоба нақтыланбай тұр...

Ерасыл ШӘРІБЕК

Жұмыс қажыта ма?



Күнделікті қоғамдық көлікпен жүруге тура келеді. Содан байқағаным, адамдардың бір-біріне деген ілтипаты, ықыласы, қарым-қатынасы, яғни мәдени деңгейі төмендеген секілді. Дөрекі сөйлеу, ашушаңдық, қаталдық, мейрімсіздік байқалады. Себебін анықтау мақсатында сауалнама дайындап, бір топ студентке сұхбат жүргізуді ұсындым. Зерттеу бойынша анықталғандай, ашушаң адамдардың қатарында көп жұмыс ауыстыратындар, халықпен етене байланыс жасайтын сала қызметкерлері бар. Демек, ұжым қызметкерлері жұмыста күйзеліске бейім...

Күйзеліс ауру емес, сондықтан оның медициналық белгілері жоқ. Бірақ өзіне тән белгілері бар. Бұл орайда АҚШ-тың Беркли университетінің психология профессоры Кристина Маслактың теориялық негізіне сүйенеміз. Ол 1980 жылдың басынан адам бойындағы күйзелісті зерттеген. Маслак күйзеліс үш компоненттен тұрады деп санайды: эмоционалды сарқылу, оның нәтижелерінің құнсыздануы және оқшаулану.

Алдымен «эмоционалды сарқылу» сатысынан бастайық. Ол – толық шаршау деңгейіне жететін сезім. Сіз өзіңізді үнемі шаршап тұрғандай сезінесіз. Мұндай көңіл-күй таңертең оянғанда да байқалуы мүмкін. Тіпті жұмысқа келдік, компьютерді қосып, кофе іштік. Бірақ күш жоқ. Кейде байқау қиын, өйткені шаршау сезімі біртіндеп жиналады – екі аптадан бірнеше айға дейін. Одан кейін жұмыс нәтижесінің құнсыздануы байқалады. Жұмысыңызды жақсы орындау мүмкін емес сияқты, тапсырмалар мен талаптар тым күрделі көрінуі ықтимал. Бұл көбінесе басшылық пен басқалар біздің жетістіктерімізді байқамаған кезде болады. Өз-өзін бағалау төмендейді, импостер синдромы пайда болады. Сіз қажетті деңгейге жетпейтіндігіңізді сезінесіз, ал айналаңыздағы адамдар оны асыра бағалайды.

Келесі кезең – «оқшаулану». Бұл сіз қаратын міндеттерге және қызметтес адамдарға деген көзқарасымызды

өзгертетінімізді білдіреді. Цинизм, агрессия көрініс береді. Бұл сатыда адамдар мылқау, әріптестер ашушаң, ал бастық өте әділетсіз және тым талапшыл көрінуі мүмкін. Нәтижесінде сіз нашар жұмыс істейсіз. Әйтсе де оқшаулану кезінде адам мәні мен мағынасын жоғалтқан жұмысты әртүрлі себеппен жалғастыра береді. Бұл – ағзаның эмоционалды сарқылуына және оның психологиялық қорғанысына жауап. Сондықтан егер сізге поштада немесе емханада дәрекілік көрсетсе, онда бұл қызметкерлердің эмоционалды жағдайын сақтап қалу әрекеті болуы мүмкін. Оған сіздің еш қатысыңыз жоқ. Бұған жұмыс орнындағы шамадан тыс жүктемеден бөлек бірнеше себеп әсер етуі мүмкін. Мысалы, әкімшілік тарапынан қысым немесе улы орта ең басты түрткі болуы мүмкін. Екіжүзділік, жаман қарым-қатынас, әділетсіз саясат, артық әңгіме мен бәсекелестік ұжым ішіндегі атмосфераны нашарлата түседі. Сондай-ақ адамның жұмыс орнында белгілі бір рөлінің болмауы да әсер етпей қоймайды. Қызметкерлер лауазымдық талапты анық түсінуі керек. Тиісті нұсқаулықсыз жұмыс процесін құру қиын әрі шатасуға әкелуі мүмкін. Бұл жұмыс жылдамдығын төмендетіп, күйзеліске әкелуі ғажап емес.

Одан қалды қысқа мерзім мен жоғары жүктеме де мезі ететіні шындық. Егер сіз жақсы мақсатта әрекет етсеңіз, жұмыс өнімділігін арттырыңыз

келсе де, оны жүзеге асыра алмауыңыз ықтимал. Себебі жоғары жүктеме мен мерзім қысымы жоғары стресс деңгейіне әкелетіні анық. Бұл да қызметкердің жұйке жүйесіне теріс әсер етіп, эмоционалды күйзеліске итермелейді.

Себебі мен салдарын атап өттік. Енді күйзеліспен күрестің түрі қандай, қалай күресу керек? Жұмыста күйзеліске ұшырамаудың бірнеше жолы бар. Психикаға қолайлы жағдай жасау, шаршағанды басу мен уайымды азайту жеткілікті. Егер сіз бойыңыздан эмоционалдық күйзелістің белгілерін байқасаңыз, кесте құрып, жұмыс жүктемесін азайтыңыз. Жеткілікті мөлшерде ұйықтап, жұмыстан басқа сізді қуантатын, шабыттандыратын іспен айналысуға тырысыңыз. Бастысы, эмоционалды күйзелістен арылу жолы емес, оны болдырмау амалын іздестірген абзал.

Психологтар жұмыста қызметкердің стресте болуы жиі кездесетін құбылыс деген пікірде. Себебі басшының тапсырма беруі қызметкердің физикалық және интеллектуалды қабілетіне әсер етеді. Тіпті мамандықты қате таңдау да күйзелістің бастауы болуы ықтимал. Нәтижесінде жұмысқа көңілі толмау әрі қызығушылық төмендеуі салдарынан созылмалы стресс пайда болады.

Гүлнара ЖАҚСЫЛЫҚОВА, педагогикалық шеберлік орталығының тренері

Ең алғашқы қызықтап оқыған кітабым – Жарылқап Бейсенбайұлының «Жасын тағдыр жарқылы» болатын. Бұл кітапта Ш.Уәлихановтың балалық шағынан өмірінің аяғына дейін қамтылған. Мұнда оның кішкентай кезінен зерек болып, үлкендердің жиынында, олардың сөзін түсініп тыңдап отырғанында әжесі Айғаным «шоқиғаным, Шоқаным» деп еркелетуінен Шоқан аталғанын білемін. Ә.Марғұлан: «Айғаным – Шоқан үшін халық даналығының сарқылмас бұлағы» деген. Тектіліктің бір сыры – әже тәрбиесі. Қазақтың ұлы ақындарын Абай мен Шөкәрімді әжесі Зере тәрбиеледі емес пе?

«Бала Шоқан қандай болды?» деген сұраққа жауап іздегенімде мына мәліметпен таныстым. Бірде бір отырыста қазақтың игі жақсылары келіп, төрге жайғасып, ет жеп отырғанда «маған да ет бер» деген дауыс шығады. «Бұл дауыс қайдан шығып жатыр?» деп қонақтар түсінбей отырғанында бөлмеде тұрған бесікте жатқан баланың даусы екенін түсініп, баланың қолына құйрық ұстатқан. Бесіктегі Шоқан құйрықты аузына салып жата береді. Бесіктегі бір жасар бала Шоқанның тілі де ерте шығып, ерекше бала болып өскенін байқаймыз. Шоқанның тағы бір қасиеті – араб, шағатай, парсы, орыс тілдерін жетік, әрі тез меңгеруі.

Мені қызықтырған тағы бір сұрақ, «Мұхаммед-Ханафия» деген ерекше есімді ғалымға кім қойған? Хан немересіне есімді бір дара тұлға қойса керек. Осы сұрақты зерттей келе мына бір тарихи мысалға назар аудардым. Бірде Абылай хан жайшылықта жалғыз өзі аңға шығады, сол кезде оны қалмақтар ұстап алады. Оны тұтқындап, қалмақ ханының алдына әкеледі. Дала заңы бойынша ханды соғыс кезіндегі қан майданда адал күресте тұтқындайды екен, ал бейбіт, жай күндері ханды тұтқындауға ешкімнің құқы жоқ, бостандық беру керек. Сонда қалмақ ханы Абылайды сынамақшы болып, нөкерлеріне тұтқынды бір апта қамап, аш қалдырып, апта соңында тостағанға қатқан тоң майды беруін бұйырады. Нөкерлер дәл солай жасайды. Тұтқын Абылай: «Мынау немене?» деп тостағанды сыртқа лақтырып жібереді. Сонда қалмақ: «Егер тұтқын тоң майды жесе, қараның баласы, жемесе, онда хан баласы» дейді. Қалмақтың ханы тұтқынды тағы сынап көрмекші болады. Нөкерлеріне: «Тұтқынның алдына бәрің жан-жақтан қылыштарыңды жарқылдатып, денеңді паршалап бөлеміз деп сес көрсетіңдер!» деп бұйрық береді. Нөкерлер дәл солай жасайды. Тұтқын Абылай мүлдем қорықпай, басын төмен қаратып бұғып қалмай, керісінше, қас батырша қасқайып тұрады. Мұны көрген қалмақ ханы тегін адам емес екенін аңғарады. Бірақ үшінші рет тағы бір сынамақшы болады. Төртегі тақты бос қалдырып, қалмақ ханы айнала отырған нөкерлерінің жанына отырады да сырттан тұтқынды кіргізуді бұйырады. Тұтқын Абылай хан ордаға кіріп, қолын кеудесіне қойып сәлем беріп, тура тұрған таққа барып отырады. Сол кезде қалмақ ханы: «Есіктен кіріп, төрге шығып, таққа неге отырдың?» дегенде тұтқын Абылай: «Бұл таққа қалмақтың ханы Қалдан Серен отырмаса, не қазақтың ханы Абылай отырмаса, кім отырады?» деп жауап берген екен. Сонда Қалдан Серен

Абылайға риза болып, тұтқындағаны үшін кешірім сұрап, өзінің қазақ әйелінен туған екі қызын береді. Екі қызының бірін Абылай өзіне, Фатима атты екіншісін Құрман атты емшісіне әйелдікке береді. Ол Абылайдың батырларының бірі де бірегейі бес уақыт намазын қалдырмаған, әрі батыр, әрі діндар, адам емдейтін тәуіп болыпты. Одан Құлжа, Арал, Марал атты үл дүниеге келген. Марал баба – Қалдан

Сереннің туған жиені, Кенесары, Наурызбай батырлардың туған бөлесі. Фатима шешей осы күнгі Қызылорда облысының Жосалыдан 18 шақырым жердегі «Қамыр қорымы» деген жерде жерленген дейді. Ал Марал баба мен Қалқай ишан қорымы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында орналасқан. Бұл киелі жер саналып, арнайы дұға етушілер зиярат етеді. Қазақ халқының мақтанышы

Даты дұшпанына жетсін. Құдайым Қалқайдың айтқанын қабыл етсін. Аты Мұхаммед-Ханафия болсын, Атағы аталарынан да асып, Ахиретке жетсін, Аллаһу Ақбар! – деп, бетін сипапты да, ойланyp отырып тағы мынаны айтыпты: – Арғы атаң Уәлихан мен Қасым, Олардан да атақ-даңқың болар басым. Ел жұртың құрмет тұтып,

Әуелден ақырға жетер атың. Әулиеге қатты разы болған Айғаным сұлу Қалқайдың үстіне жанат ішік жауыпты. Шыңғыс сұлтан Стамбұлдың қалы кілемін жауып, ханның атақты көк жорғасын есікке кесе көлденең тартыпты.

Сонда Қалқай: – Жанат ішік Қалқайдың бүйірін жылытсын.

Қалы кілем Құдайдың үйі мешітке бұйырсын.

Көк жорға үш жүздің бәйгесіне мінілсін, – деп бата беріпті.

Артынан, бәйгеге көк жорғаны қимаған Шыңғыс орнына бір уыс жүз сомдық ақшаны санамай беріп, атты өзі алып қапты.

Мұны естіген Қалқай: – Өттеген-ай Бекер жасаған екен. Атағанын беруі керек еді ғой! Жақсы ат – жан садағасы, жан деген ар садағасы демеуші ме еді, атаған затты қимағаны болмаған екен, өміріне ілік болмаса болар еді, – деген екен. «Шоқанның өмірден жастай өтуі осы «ілік» шығар, бәлкім!» дейді көнекөздер.

Ия, батамен көгеріп, көктеген елміз ғой, шынында да Қалқай Ишанның батасы дарып, Шоқанның әлемге аты мәшһүр ғалым болғаны да рас, ғұмырының келте болғаны да рас. Шоқан 1835 жылдың қараша айында қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде атақты аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов отбасында дүниеге келіп, 1865 жылдың 10 сәуірінде бар-жоғы отыз жасында қайтыс болған. Саяхатшы-географ, ғалым, публицист, әдебиет зерттеушісі Шоқан Уәлихановтың жасындай жарқ еткен келте ғұмырында философия, этнография, тарих, экономика, құқық, география, ауыз әдебиеті, әдебиет теориясы жайындағы ғылыми зерттеулері құндылығымен арта түспек. Шоқан Абылай ханның шөбересі болған, атасы Уәли хан патша үкіметі ресми түрде бекіткен қазақтың соңғы ханы еді.


Шоқанның әжесі – Шыңғыс Уәлиханов 1834 жылы Омбыда Сібірдің қазақ әскери училищесін бітіріп, орыс армиясында жоғары әскери шен – полковник атағын алған. Құсмұрын округінің аға сұлтаны, Сібір қырғыздарының облыстық басқармасының кеңесшісі, Көкшетау округінің аға сұлтаны болды. Анасы – Зейнеп Шорманова, ғалымның нағашылары Баянауыл өлкесіндегі атақты Шормановтар әулеті болатын. Мұса Шорманов орыс армиясының полковнигі, белгілі қазақ биі, Баянауыл сыртқы округының аға сұлтаны еді. Осындай игі жақсылардан туған Шоқанның даналығы мен даралығына,

тектілігіне қалай қайран қалмаспыз?! Халқымыз «Сұңқардан сұңқар туар саңқылдаған, қарғадан қарға туар қарқылдаған» дейді. Тектілік-атаның күшімен, ананың ақ сүтімен, аялы алақанымен келетін құбылыс болса керек. Сыпыра Сұрғалтайұлы: «Бай баласы байға ұқсар, Байлаулы тұрған тайға ұқсар. Би баласы биге ұқсар, Алты қанат үйге ұқсар. Хан баласы ханға ұқсар, Биік-биік шыңға ұқсар. Құл баласы құлға ұқсар, Мал таптаған гүлге ұқсар. Ханның ұлы қарауыл, Бидің ұлы шындауыл» дегендей, тектілік тек рухы, ата тектен қан арқылы, тәрбие арқылы беріліп отыратын қасиет, осы қасиет қонан тұлғаларды үлгі етер ұлттың ұлы ұрпақтары мың болғай!

Анар ҚАРАЖАНОВА

Ұлан ғайыр қазақ даласында ту ұстаған баһадүр, әлемге мәшһүр болған дүлдүл ақын да, ел бастаған хан да, халқына ғибраты мол ғалым да, сыңғыр даусымен ерекшеленген бұлбұл әнші де көп. Ұлтымыздың бойынан тектілік тұнып тұрғанын осыдан байқауға болады. Осындай текті ұрпақтың бірі – «Шығыстың жарық жұлдызы» Шоқан Уәлиханов. Шоқанның бойындағы тектілік сарыны қайдан, кімнен дарыған? Тектілік дегеніміз не?

ТЕКТІ ҰАТТЫҢ ТЕКТІ ТҰЛҒАСЫ



Шоқан Уәлиханов туғанда атын қойып, ақ батасын берген – осы Қалқай ишан болатын. Қалқай ишан мен Шоқанның әжелері баяғы қалмақ ханының қыздары болып туысып тұр. Шоқан жайлы осы жайды «Аққан жұлдыз» романында Сәбит Мұқанов төмендегіше баян етеді:

«...Шыңғыстың үйінде қонақтап жатқан Қалқай ишанға (Қалмақ ханының қызынан туған ұрпақ): «Әулие, сіз қойып беріңіз нәрестенің есімін!» деп өтінді Уәли тұқымдары Зейнеп ұл тапқаннан кейін. Қалқайдың сенімінде бүкіл ислам тарихындағы ең зор ғазуытшы: Мұхаммед пайғамбардың әрі қызы Фатиманы алған күйеуі әрі әскерінің бас қолбасшысы Хазіреті – Ғали. Оның үш әйелінен туған он сегіз ұлы бәрі де батыр болған. Солардың ішіндегі батыры – Мұхаммед-Ханафия дейтін ұлы екен, әкесіне еріп, ғазуыт соғысын сол жүргізген деседі. «Болашақтың Мұхаммед-Ханафиясы болар ма екен?» деген тілекпен Қалқай ишан Зейнептен туған ұлдың атын – Мұхаммед-Ханафия қойды. Былайда шолжың Зейнептің бұл есімге тілі келмей, сәбиін «Қанаш» деп, былайғы жұрт «Шоқан» деп кетті. Шоқанды бір жасынан сөйлеп кетті деген әңгіме бар. Бұған ел аузында жүрген әңгімеден азын-аулақ қосатынымыз бар. Уәли ханның бәйбішесі Айғаным баланың атын қойып беруді сұрап, көтеріп әкеп әулиенің қолына берген кезде Қалқай нәрестені ұстап отырып:

– Пай-пай! Мына бала алтыннан да ауыр ғой! – деп, Айғанымның өзіне қайтарып беріп, бата жасапты. – Оғы белден өтсін,

ЖЕРСІНДІРУ ЖЕҢІС СЫЙЛАЙ МА?

Ел футболы оның ішінде жанкүйерлер натурализация, яғни жерсіндіру құбылысына оң пікір қалыптастыра алмады. Құрамаға көлген шетелдік ойыншы көңілден шыға ма деген күдік күдерінен үзілмей барады. Жалпы бұл жүйе біздің футболға енетін болса, кімдерді шақырғанымыз анық? Тізімді тізбектеп көрсек.

Александр Еремеефф. (Азаматтығы – Швеция, командасы – «Динамо Дрезден», Германия, 25 жас)
Нағашы жұрты орыс футболшы Швецияның екі дүркін чемпионы. Бұдан бұрын Александр «Спартактың» жаңа ойыншысы Джордан Ларссонмен сұрмергендер көшінде иық тіресіп келді. Еремеефф жазда екінші Бундеслига командасының намысын қорғауға келісіп, сонда ауысып кетті. Онда ол нәтижелілігімен көзге ілігеді. Өзірше Александр Швеция ұлттық құрамасы үшін бар-жоғы 1-ақ ойын өткізді. Оның өзі ресми матч емес. ФИФА ережесіне сәйкес футболшы ұлттық құрамасын ауыстыруға құқығы бар. Еремеефф әуедегі бәсекеде жақсы. Егер бұл ойыншымен келісімге келсек, құрама ойынын күшейтері анық.

Антон Вальдемар. (Азаматтығы – Германия, командасы «Ганновер 96», Германия, 23 жас).
Бұл жігіт жайлы қауесет ғаламтор желісінде жетіп артылады. Вальдемар – «Ганновердің» қымбат ойыншысы. Соңғы кездері Антонның командасы сәтсіз өнер көрсетіп жүр. Алар асуы алда жас қорғаушыны ұлттық құрамада асыға күтеміз.

Эдуард Левен. (Азаматтығы – Германия, командасы «Герта», Германия, 22 жас)
Эдуард Левен орталық жартылай қорғаушы позициясында өнер көрсетеді. Бұл футболшыны негізгі құрамның ойыншысы дей алмаймыз. Осы маусымда 3 ойын өткізген Левен әлі жас. Жас болғандықтан әлеуеті командаластарына қарағанда басым. Эдуардтың бастапқы құрамға жиі ілінбей қалу себебі бар. «Ливерпуль» дарыны Марко Груич пен чех Владимир Дарида барда Левеннің бастапқы құрамға кірмей қалу факторын түсіністікпен қарауымыз керек секілді.

Виталий Янелт. (Азаматтығы – Германия, командасы «Брентфорд», Англия, 21 жас)
Виталий орыс аудиториясына таңсық. Қазір түрлі ұлттық құрамалар Янелтті өзіне тартуда. «Бохумның» негізгі құрамының ойыншысы өте әмбебап. Қорғаныстың кез келген жағында ойнай береді. Виталий команданы қолғапша ауыстырады. Соңғы кездері ғана «Брентфордта» тұрақтап жүр. Аяқдопшының ендігі мақсаты жаңа командасымен жаңа деңгейге көтерілу.
Қорыта айтқанда, Германияда Қазақстан құрамасына алуға болатын ойыншылар өте көп. Мысалы, «Вердер» академиясының түлегі Марсель Кляйн. Оның анасы – Диана қазақ. Түлкібастың тумасы. Міне, осындай тағдырлы адамдар Германияда көп. Қазақстанда жас ойыншылар өсіп шыққанша осындай дайын футболшыларға сенім артып көргеніміз бәлкім дұрыс шығар...



ӘЛЕМ ДЕНГЕЙІНДЕГІ ҚАЗАҚ БАПКЕРІ

Көгалды хоккейден Сырдария ауданының бәсі биік. Алақандай ауданнан Азия кубогі мен Ресей жоғары тобының жеңімпаздары шықты. Аталған спорт түрінен 100-ден аса спорт шебері бар. Бұл жетістік білікті бапкер Сұлтан Қобыландынның еселі еңбегінің арқасында. Тереңөзекке допты хоккей бірден келе қойған жоқ. Алдымен ауылдан алшақтап, кеңестік кезеңде шебер ойыншы атанған Сұлтан Қобыландынның жетістігі кенже қалған спортқа дем бітірді. Ендеше білікті жаттықтырушының спорттық ғұмырын оқырманға ұсынғанды жөн санадық.

Сұлтан Қобыландын 1959 жылы 9 мамырда Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылында дүниеге келген. Бозбала шағынан спортқа қызығушылық танытады. Атағы әлемді шарпыған Эдуард Айрих Сұлтан Қобыландынның көгалдағы өнеріне тәнті болып, жоғары баға берген. 1982 жылы Сұлтан үшін күтпеген жағдай орын алады. Мектепті аяқтап, Тәжікстанға бағыт алады. Душанбе Дене шынықтыру институтының жеңіл атлетика факультетіне оқуға түсіп, студент атанады. Шымыр бала Душанбеде құр жүрмей «Вахш» көгалды хоккей клубына қабылданып, қорғаушы болады. («Вахшпен» Тәжікстанның 4 дүркін жеңімпазы атанып, допты хоккейдегі шеберлігі шыңдала түседі. 1982 жылы Сұлтанның есімі КСРО-ға тарайды. Өзбекстанның Самарқанд қаласында оқу-жаттығу жиынын өткізіп жүрген Сұлтан Қобыландинге атақты Эдуард Айрих келеді. Дүние жүзіндегі мықты маман Сұлтанның алдына келгенде спортшы өз-өзіне сенбеді.

Хош, сонымен 1982 жылдың маусым айында Сұлтан Ибрагимұлы дабысы алысқа кеткен «Динамоға» қосылды. Бұл кезде «Динамо» Совет Одағының 8 дүркін жеңімпазы, әрі Еуропадағы жалы күдірейген азулының бірі еді. Екі айдай ізбасарлар командасында жаттыққан Сұлтанды Айрих негізгі құрамға қосты. Саян Шаймерденов, Мұрат Жексенбеков, Фарид Зигангиров, Минетулла Азизов,

Александр Гончаров, Серік Қалымбаев, Михаил Ничепуренко, Марсел Кикубаев, Марат Мангубаев секілді саңлақтармен жаттығу Сұлтанды ширата түсті. Осы жылдың күзінде «Динамо» Мәскеуге барды. Кезекті жаттығу жиыны. Бір күні жігіттер жабық кешенде үш шақырымға жүгіруге шықты. Айрих трибунада бақылап отыр. Сұлтан еті қыза келе дүркірей шапқан команданың мандай тұсына таяды. Жігіттердің бірі: «Озушы болма. Айрихтің алдында бізді ұятқа қалдырасың», – деді. Сұлтанның да жарқырайтын тұсы осы. Ойыннан олар мықты. Жүгіруден бұл озуға тиіс. Содан аяғына жел бітіп, булдырықтай алға жөнелді. Жігіттер далада қалды. Эдуард Айрих дән риза. «Қазақ, сен мықтысың!» – деді бұған мейірін төге қарап.

Сұлтан «Динамоның» сапында екі жыл ойнап, Совет одағының жеңімпазы атанды. Одан кейін «Динамоның» ізбасары құрамында Қазақстанның екі дүркін жеңімпазы атанды. Төрт жылда Эдуард Айрих, Қазбек Байболов, Борис Казанцев секілді танымал жаттықтырушылардан дәріс алды.

2001 жылы аудан әкімі Әріп Қожбановтың ықпалымен Тереңөзекте көгалдағы хоккей үйірмесі ашылады. Сұлтан Ибрагимұлын атақты хоккейші екенін естіген бойда үйірмеге қажетті керек-жарағына қаржы бөлдіріп, бапкер етіп тағайындайды. Сұлтан бапкер Алматыдағы ұстаздарының үлгісімен ең әуелі тәртіпті жолға қойды. Сосын Айрих ұстазы секілді шәкірттерінің тамағына мән берді. Тынымсыз ізденіп, ерінбей тер төккен Тереңөзектің қыздары Қазақстанның 10 дүркін чемпионы, бірнеше рет жүлдегері болса, жігіттер командасы ел чемпионатын 9 рет жеңіп алды. 2018 жылы Өзбекстанның ашық чемпионатында топ жарды.

Бүгінде Сұлтан Ибрагимұлының бірнеше шәкірті халықаралық деңгейдегі спорт шебері, 130-дан аса ойыншысы спорт шебері дәрежесіне жетті. Қазақстан ұлттық құрамасына енген Нұрхан Сансызбаев, Мұрат Ешпанов, Бақытбек Сәрсенбайұлы, Мұқағали Сансызбаев, Нұрлыбек Ұзақов, Бақытбек Тәженов, Ғалымжан Әлиев, Шыңғыс Сейітқалиев, Ерасыл Қайқыбеков, Гузай Бахабаддин, Қарлығаш Болғанбаева, Әйгерім Мақанова, Гүлнар Иманғалиева, Алиса Чевкасова, Малика Сражединова хоккейшілер өңірдің ғана емес, ел мақтанышына айналып отыр.

Сұлтан Ибрагимұлы да зейнет жасына таяды. Оның ізін басқан Шынар Ақназарова, Нұрсұлтан Бисенбаев және Ғалымжан Әлиев бапкерлікке ден қоя бастады, яғни Сұлтан бапкердің тәлімін алып, ізін жалғаған ізбасарлары жетерлік.



ГОЛОВКИН РЕЙТИНГТЕ КӨШ БАСТАДЫ



Қазақстандық боксшы Геннадий Головкиннің (42-1-1, 37 KO) жеңісінен кейін рейтингтегі орны жаңарды.

Енді Головкин BoxRec рейтингісінде барлық боксшы арасында салмақ дәрежесіне қарамастан (round-for-pound) бірінші орынға жайғасты. Боксшының жинаған балы – 698.6. Екінші орында – мексикалық Сауль «Канело» Альварес (57-1-2, 39 KO), оның қазіргі уақыттағы рейтингі – 687.4 балл. Әлемнің үздік боксшыларының үштігіне америкалық Теренс Кроуфорд (38-0, 29 KO) кірді.

Еске салсақ, Геннадий Головкин 9 сәуірде Жапонияда өткен жекпе-жекте Риота Муратаны техникалық нокаутпен жеңді. Енді ол WBA Super, IBF және IBO белбеулерінің иегері.

РЕКОРДТАР КІТАБЫНА ЕНДІ



Қазақстандық шахматшы Бибисара Асаубаева Гиннестің рекордтар кітабына енді. Ең жас әлем чемпионы атанған Бибисара 17 жасында осы ұйымның арнайы сертификатына ие болды.

Ұйымның ресми құжатында «әйелдер арасында блиц бойынша ең жас әлем чемпионы қазақстандық Бибисара Асаубаева 2004 жылы 26 ақпанда дүниеге келген» және «2021 жылы Варшавада (Польша, 2021 жыл 30 желтоқсан) өткен блиц бойынша әлем чемпионатында жеңіске жетті» делінген.

Одан кейін Ассаубаева «блиц» бойынша I орын алып, әйелдер арасында әлемдік шахмат тарихындағы ең жас шахматшы атанды. Сондай-ақ осы чемпионатта Бибисара жылдам шахматтан (Рапид) 2 орынға ие болды. Шешуші ойындарда тәжірибелі грузин шахматшысы, гроссмейстер Нана Дзагидзени, жерлесі Әсел Серікбайды жеңіп, халықаралық чемпионаттың жеңімпазы, гроссмейстер Александра Костенюкпен тең түскен болатын.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТААДЫ



Польшада шайбалы хоккейден жасөспірімдер арасындағы әлем біріншілігі басталды. Қазақстан құрамасы бірінші дивизиондағы А тобында өнер көрсетеді.

Команданың бас бапкері Сергей Старыгин аталған жарыста мына шәкірттеріне сенім артты: Қақпашылар – Владимир Никитин, Дәрмен Ғабдуллин және Артем Шестаков («Барыс»), Қорғаушылар – Артем Авдеев, Дмитрий Бреус, Никита Селезнев, Семен Роев, Аслан Жүсіпбеков («Барыс»), Кирилл Хан («Торпедо», Өскемен) және Игорь Пономарев («Қыран», Қарағанды). Шабуылшылар – Роман Ермак, Алдияр Нұрлан, Руслан Оспанов, Даниил Свинтальский, Всеволод Логвин, Кирилл Ляпунов, Асанәлі Русланұлы, Семен Симонов, Илья Шапоров, Әділ Бейсембаев, Темірлан Қитаров, Денис Леута және Александр Фокин («Барыс»).

Жерлестеріміз Норвегия, Дания, Словакия, Франция және Жапония құрамаларымен сайысқа түседі. Осы топтан үздік шыққан команда келесі маусымда мықтылармен күш сынасу мүмкіндігіне ие болады.

Ғылым дамыған сайын қоғамға күн санап өзгеріс енуде. Бірақ сол өзгерістің астарында ғалымдардың үлкен еңбегі мен күндіз-түні тынбастан жүргізген зерттеулері тұрады. Бұл еңбек жолынан көпшіліктің бірі хабардар болса, енді біріне елеусіз жаңалық болып көрінуі мүмкін. Әйтсе де үздіксіз ізденіс қашанда құрметке лайық. Бүгін біз де осы тақырыпты қаламға арқау еттік.

Жуырда ғана редакцияға ғылым саласының тағы бір жетістігін сүйіншілеген жағымды жаңалық жетті. Енді сырбойылықтар дүкен сөресіндегі жасанды қытырлақтарды емес, табиғи әрі дәмді қауын қытырлақтарынан дәм тататын болады. Қауын қала халқының сүйікті дәмі екенін ескерсек, бұл жобаның

мың тоннадан астам күріш жиналады. Дақыл өңделгеннен кейін шамамен 100 мың тонна күріш қауызы қалады. Осыдан бірнеше жыл бұрын күріш қауызын қала сыртындағы полигонда өртейтін. Бұл облыс тұрғындарының денсаулығына кері әсер етіп, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғады. Сол себепті кейінгі уақытта күріш қауызын өртеуге тыйым салынды. Жақын арада бұл мәселе де шешімін тапты.

Биотыңайтқыш
Қорқыт ата
атындағы

ЖАҢА ЖОБАЛАР: "ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАСАЛҒАН"



тұтынушылар тарапынан үлкен қолдауға ие болары анық. Әсіресе қыс кезінде жаздың дәмін аңсайтындар үшін тың жобаның орны бөлек. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Самалбек Қосанов өз жобасын сәтті қорғап, «Қауын қытырлағы» жобасына авторлық куәлік алды. Осылайша тынымсыз еңбектің нәтижесінде жоба авторы «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2,5 миллион теңге қайтарымсыз грант иеленген. Самалбектің тың жобасы аясында қауынды келтіруге арналған құрылғы алынып, оның тиімді тұстары зерттелген. Оның айтуынша, өнім табиғи дәмін сақтай отырып, жергілікті қауынның «күләбі» сортынан дайындалады. Қазіргі таңда қауын қытырлақтары өңірімізде ғана емес, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында сатылымға шығып үлгерген. Жоба мұнымен тоқтап қалмақ емес. Ғалым алдағы уақытта «Қызылорда қауындары» қытырлағын Өзбекстан Республикасына экспорттауды жоспарлауда.

Университеттегі авторлық куәлік алған тағы бір жоба – жаңа «Терра Прета» биотыңайтқышы. Сыр өңірі үшін топырақ құнарлығы басты мәселе екені анық. Олай болса ғалымдардың бұл жобасы туған жердің топырағы үшін пайдалы болары сөзсіз. Жалпы облыста жыл сайын 500

Қызылорда университетінің инженерлік бейіндегі зертханасында органикалық жер өңдеу талаптарына сәйкес

өзірленген. Университет профессоры Нұрбол Аппазовтың жетекшілігімен зерттеу жұмысын жүргізген жас ғалым Рахметулла Жаппарбергенов тыңайтқыш өзірлеу үшін өңіріміздегі көп уақыт ыдырамайтын күріш қауызы, сабаны және биочар қолданыпты. Осылайша зерттеушілер аталған қалдықтарды 3 айда ыдыратып, органикалық тыңайтқышқа айналдырған. Ғалымдар осыған дейін де жергілікті өнім күріштен көптеген пайдалы дүниелер алып, тәжірибеге енгізген еді. Бұл жолғы бастаманың да берері мол.

Айта кетейік, өнімнің басты ерекшелігі – топырақ құнарлығын ұзақ уақытқа сақтай алуында, яғни басқа органикалық тыңайтқыштар тәрізді тез ыдырап кетпейді. Тіпті топыраққа артық мөлшерде енгізгеннің өзінде ластамайды.

– Күріш қауызы мен сабаны өте баяу шірітін болғандықтан, оны утилизациялау да қиынға соғады. Қазіргі кезде бұл қалдықтарды майдалап, шаруалар мал азығына араластырып пайдаланып жүр. Бірақ күріш қауызында ешқандай қоректік заттар жоқ. Осы қалдықтарды оңтайлы пайдалану

мақсатында әлі де зерттеу жұмыстарын жүргізудемін. Зерттеу жұмысының мақсаты – аталған қалдықтарды тез шіріту арқылы органикалық жер өңдеу үшін тиімді биотыңайтқыш алу.

Оларды тез шіріту мақсатында кеуектерінде микроағзалардың жылдам дамуы үшін биокөмір және күйіс қайыратын малдан алынған целлюлозитті микроағзалар қолданылады. Біз аталған қалдықтарды 3 айда шірітіп, тиімділігі жоғары жаңа «Терра Прета» биотыңайтқышын алдық. Өткен жылы бұл жоба бойынша Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ректорының жас ғалымдарға арналған гранттық қаржыландыру конкурсына қатысып, 2 жарым миллион теңге грант иегері атандым, – деді Рахметулла Өмірбекұлы.

Біраз уақыт бұрын университет ғалымдары күріш қауызынан биочар, кремний диоксидін алу технологиясын жасағанын жазған болатынбыз. Ал бұл жолы күріш қауызын органикалық биотыңайтқыш ретінде пайдаланудың тиімді әдісін табу – ғылымға қосылған жаңалықтың бірі болды. Алдағы уақытта да ғалымдардың «Қызылордада жасалған» деген бренспен әлі талай тың жобалар ұсынарына сенім мол.

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

„АЛТЫН САҚА“ ОБЛЫСТЫҚ ЕРТЕГІ БАЙҚАУЫ

Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті «Балалар жылына» орай 12-17 жас аралығындағы білім алушылар арасында ертегілер байқауын жариялайды.

Байқаудың мақсаты: «Балалар жылы» аясында мектеп оқушылары мен жасөспірімдер шығармашылығын қолдау, аймақтағы балалар әдебиетін дамыту.

1. БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ

1.1. Байқауды «Ақмешіт жастары» газеті және облыстық білім басқармасы бірлесе ұйымдастырады

1.2. Байқау шығармалары газетке және әлеуметтік желіге тұрақты түрде жарияланады.

2. Байқау шарттары мен тәртібі

2.1. Байқауға 12-17 жас аралығындағы облыстағы білім алушылар қатыса алады.

2.2. Қатысушылардың материалдарын жариялау 2022 жылдың 30 наурызынан басталып, 20 мамырға дейін қабылданады.

2.3. Материалдар басылымның aqmeshit_zhastary.kz @mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Тел: 40-11-10; +77784020511

3. Байқау материалдарына қойылатын талаптар:

3.1. Байқауға газет-журналға, сайттарға бұрын жарияланбаған жұмыстар қабылданады. Интернеттен, кітаптан және бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерін пайдалануға, плагиатқа жол берілмейді. Бірлескен авторлыққа жол берілмейді (ертегіні бір оқушы жазуы тиіс).

3.2. Жұмыс мәтіндік редактордың Word түрінде жазылуы керек. Қарпі – Times New Roman, өлшемі 14, жол аралығы – 1, парақ енімен тегістеу. Жұмыстың көлемі А-4 форматының 2 бетінен аспауы керек (титулды бетті қоспағанда). Жұмыстың титулдық бетінде автордың аты-жөні, білім беру ұйымының толық атауы, конкурстық жұмыс атауы көрсетілуі қажет.

4. Қорытынды

4.1. Ертегі байқауының жеңімпаздары 1 маусым – Балалар күні қарсаңында анықталып, газет бетіне жарияланады.

4.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар беріледі.

JULDYZ – JORAMAL

(14-20 сәуір)



Тоқты

Өзіңізге өте бағалы және дұрыс дүние табасыз. Көбіне ол дүние белгілі бір өткен нәрсемен байланысты болады, бір түсініксіз оқиғамен, сол күйі ашылмай қалған дүниемен. Енді соны жаңа көзқараспен бағамдап, жаңа ой түйесіз.

Торпақ

Өз ұстанымыңызға беріксіз. Құлық па, әлде қыңырлық па, соның арқасында алға жылжисыз. Бұл аптада немен айналыссаңыз да, сіздің табандылығыңызға сүйсінбеске болмайды. Өз ортаңызда көшбасшы боласыз. Елге шабыт бересіз.



Егіз

Дау-дамайға араласып, бір нәрсені дәлелдеуге құлқыңыз жоқ. Аптада сізге тыныштық пен шабыт маңызды. Сіз жанжалдан өз еркіңізбен қашасыз. Бірақ у-шу артыңыздан еріп отырады. Одан құтылудың жалғыз амалы – сапарға аттану.

Шаян

Өзгенің ниетін алдын ала сезіп, олардың әрекет етуінің алдын алады. Кез келген қарсылыққа, уысынан шығып кететін нәрсені сезіп тұрады. Ең бастысы, шеттен шығып кетпеу.



Арыстан

Өзіңізді бас кейіпкер деп санамаған жағдайға баға беруге шамаңыз келмейді. Осы аптада көп нәрсе түсініксіз. Жағдайдың «қалт-құлт» етіп тұрғанын сезесіз, оны жылдам шешу қиынырақ. Беделді адамның көмегіне жүгінесіз. Бірақ сіздің бәрін қиындататын шеберлігіңіз қарама-қайшылық туғызады.

Бикеш

Қазіргі жағдайды бұрын болып кеткен өзгерістермен қатар қойып салыстырасыз. Ол дамуға жетелейді. Көбісі әрекет етуге бел буады, өйткені көз алдында жарқын үлгі бар.



Таразы

Жағымды жаңалықтан гөрі қиындықтарға, кедергілерге тап боласыз. Тыныш өмірді аңсайсыз. Дегбіріңіз қашады. Ұсақ-түйек проблемалар пайда болады. Ол денсаулыққа, тұрмыстық жарақатқа, туыстардың мазасыздығына қатысты.

Сарышаян

Өзгелердің сізді таптап кетуіне жол бермейсіз. Жұрттың стратегиясы сізге қызықсыз. Өйткені онда еш тың дүние жоқ. Сырт келбетіңіз флегматик болғанмен ойыңыз жылдам, үнемі ерекше нәрсе іздеуден жалықпайсыз.



Мерген

Сырттан ұсыныстар мен кеңестерді жиі тыңдаңыз. Негізінде сізді кез-келген нәрсеге сендіру қиын, дегенмен басқалар бұл әрекетін тастамайды. Дәл қазір барлығы өз идеяларына сендіреді. Алайда бұл аптадағы кәсіби қызмет одақтастықта, байланыс орнатуда және жаңа байланыс жасауда сәтті.

Тауешкі

Сіз үшін жақынының, достардың қатысуынсыз өмір сүру мүмкін емес. Сізге сенімді серіктес қажет. Өз ойыңызды білдіру, тәжірибе алмасу қажеттілігі осы кезеңде өте күшті болады.



Суқұйғыш

Күтпеген жерден маңызды адамдар туралы ерекше ақпараттың иесі боласыз. Бұл сізді өткенге саналы түрде оралуға, бұрын жасалған таңдауда шешуші болған әрекеттеріңіз бен оқиғаларыңызды қайта қарауға мәжбүр етеді.

Балық

Кейінге қалдырса да, шешілуі керек мәселелерді әсірелеп көруі мүмкін. Осы кезеңде сіз кез келген қиындықты жеңе аласыз. Бұл әсіресе жұмыс, іскерлік қатынастар мен материалдық салаға қатысты.



Кезекші редактор: Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8059
Тапсырыс: 560